



Бас директордың Бұйрығымен
«бекітілген»
17» қаңтар 2024 жылғы
№02-ОД/24 Бұйрық

**«Кристалл Менеджмент» АҚ-ның көмірсүтектерді барлау кезеңі сатысында
жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде
тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу
тәртібі**

Алматы қаласы, 2024 жыл

Мазмұны

1-тaraу. Жалпы ережелер

2-тaraу. «Кристалл Менеджмент» АҚ көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ашық конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

2-параграф. Конкурстық комиссияны қалыптастыру

3-параграф. Конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту

4-параграф. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыру

5-параграф. Конкурстық өтінімдерді жинау

6-параграф. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

7-параграф. Тізілімде (жүйеде) конкурстық өтінімдерді ашу, конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашық конкурстың талаптарына сай келуі мәніне қарауы және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау

8-параграф. Ашық конкурстың қорытындысын шыгару хаттамасын жасаумен ашық конкурстың жеңімпазын айқындау

3-тaraу. «Кристалл Менеджмент» АҚ көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алу тәртібі

4-тaraу. «Кристалл Менеджмент» АҚ көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен сатып алу тәртібі

5-тaraу. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету

5-1-тaraу. Элеуетті жеткізуілер ашық конкурсқа, төмендетуге бағытталған ашық конкурсыңа (электрондық сауда-саттыққа) қатысуға арналған конкурстық өтінімнің құрамында ұсынған құжаттарды олардың сәйкес келуі түргышынан салыстырып-тексеру

6-тaraу. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт

1-қосымша. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесі

2-қосымша. Қызметкерлердің саны туралы мәліметтер

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы «Кристалл Менеджмент» АҚ-н көмірсүтектерді барлау кезеңі сатысында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыру кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі (**бұдан әрі мәтін бойынша және хаттамаларда – Қағидалар**) Қызылорда, Ақтөбе және Ұлытау облыстарындағы участке аумағында Қарамай, Солтүстік Майдылак, Оңтүстік Шығыс Досжан, Батыс Қоныс құрылымдарында күрделі жоба бойынша көмірсүтектерді барлауға және өндіруге арналған 2023 жылғы 30 қазандығы №5284-УВС келісімшарттың (**бұдан әрі – Келісімшарт**) 66-тармағына, 67-тармағына сәйкес әзірленді және «Кристалл Менеджмент» АҚ Келісімшарт бойынша барлау кезеңі сатысында көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін айқындауды.

2. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді (бұдан әрі - ТЖКК) сатып алу рәсімдері Қазақстан Республикасының аумағында жүргізіледі.

3. Бұл тармақ қолданылмайды.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуетті жеткізуши - ТЖКК сатып алу туралы шартты жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

2) бұл тармақта қолданылмайды;

3) біртекти ТЖКК - бірдей болып табылмайтын, ұқсас сипаттамалары бар және сол бір функцияны орындауға және өзара алмасымды болуға мүмкіндік беретін және ұқсас құрауыштардан тұратын ТЖКК;

4) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі (бұдан әрі - тізілім) - жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуды бақылау және мониторингілеу, сондай-ақ электрондық сатып алу жүргізу мен жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізбесін қалыптастыруға арналған мемлекеттік ақпараттық жүйе;

5) жер қойнауын пайдаланушының үекілетті тұлғасы - осы Қағидаларға сәйкес көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКК-ны жер қойнауын пайдаланушы атынан сатып алуды жүзеге асыруға жер қойнауын пайдаланушы үекілеттік берген жеке немесе заңды тұлға;

6) жеткізуши - өзімен жасалған ТЖКК сатып алу туралы шартта тапсырыс берушінің контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға, заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

7) жұмыстар - заттық нәтижесі бар қызмет, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыстарға жатқызылған өзге де қызмет;

8) жүйе әкімшісі - жүйенің меншік иесі немесе иегері;

9) конкурстық комиссия - осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында белгіленген тәртіппен және тәсілдермен ТЖКК-ны сатып алуды жүргізу рәсімдерін орындау үшін тапсырыс беруші құратын алқалы орган;

10) конкурстық құжаттама - ашық конкурсты және бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурсты (электрондық сауда-саттықты) өткізу шарттарын қамтитын, конкурстық өтінімді дайындау үшін әлеуетті жеткізушиге ұсынылатын, тапсырыс беруші бекіткен құжаттама;

11) көрсетілетін қызметтер - тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, заттық нәтижесі жоқ қызмет;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыруши орталығы - мемлекеттік және мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерде электрондық құжаттарды қалыптастыру үшін жеке және заңды тұлғаларға электрондық цифрлық қолтанба құралдарын және тіркеу күзіліктерін ұсынатын куәландыруши орталық;

13) Қазақстанда шығарылған тауар - Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғандығын раставитын, ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат және (немесе) индустримальық сертификат берілген тауар;

14) қазақстандық тауар өндіруші - Қазақстанда шығарылатын тауарларды өндіретін Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары;

15) қаржы жылы - Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес белгіленген уақыт кезеңі;

16) құжаттың электрондық көшірмесі - түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын (деректерін) электрондық-цифрлық пішімде толық көрсететін құжат;

17) мердігер - көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізумен байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындау үшін жер қойнауын пайдаланушы немесе оның уәкілетті тұлғасы тартатын жеке немесе занды тұлға, занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум);

18) сатып алу коды - осы Қағидалардың 6-тармағының 1), 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен ТЖКК-ны сатып алуды жүргізу туралы хабарландыруларды қалыптастыру кезінде немесе осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тәсілмен ТЖКК-ны сатып алу қорытындыларын шығару хаттамасын қалыптастыру кезінде тізіліммен (жүйемен) қалыптастырылған код;

19) тапсырыс беруші - «Кристалл Менеджмент» АҚ, осы Қағидаларға сәйкес ТЖКК-ны сатып алуды жүзеге асыратын «Кристалл Менеджмент» АҚ-ны уәкілетті тұлғасы;

19-1) «жер қойнауын пайдаланушы» немесе «жер қойнауын пайдаланушылар» - «Кристалл Менеджмент» АҚ;

20) ТЖКК сатып алу - осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және тәсілдермен жүзеге асырылатын, көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті ТЖКК-ны өз қаражаты есебінен сатып алу;

21) ТЖКК-ны сатып алу туралы шарттың елеулі талаптары - шарттың нысанасы, тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдері мен орны және төлем тәртібі туралы талаптар;

22) толық аяқталған құрылыш - құрылыш, оны қамтамасыз ету және пайдалануға дайын объектіні тапсырыс берушіге өткізу;

23) толық аяқталған ұнғыма құрылышы - жиынтығында немесе жеке-жеке ұнғымаларды жобалау, салу, бұрғылау, сынақтан өткізу (сынамалау), зерттеу, жою, консервациялау (қайта іске қосу), қалдықтарды кәдеге жарату, сынақтан өткізу (сынамалау) кезеңінде, оның ішінде ұнғымада көмірсүтектерді сынаптан өткізуге (сынамалауға) және (немесе) жинауға арналған құрылыштарды (жабдықты, техниканы, ұнғыма тетіктерін) сынама пайдалану, орнату, монтаждау, жалға беру кезінде және (немесе) сынаптан өткізу (сынамалау) кезеңінде, оның ішінде сынама пайдалану кезінде ұнғымада көмірсүтектерді жинау кезеңдерін қамтитын жұмыстар және көрсетілетін қызметтер немесе аталған жұмыстарға (көрсетілетін қызметтерге) ілеспе тауарларды жеткізу;

24) Бұл тармақша қолданылмайды;

25) Бұл тармақша қолданылмайды;

26) шартты баға - қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушісі болып табылатын әлеуettі жеткізуінің конкурстық өтінімінің баға ұсынысын шартты түрде жиырма пайызға төмендетуді ескере отырып есептелеңген және ашық конкурстың, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазын анықтау мақсатында конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру үшін ғана қолданылатын баға;

27) электрондық сатып алу жүйесі (бұдан әрі - жүйе) - Қағидаларға сәйкес тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін «Кристалл Менеджмент» АҚ немесе оның уәкілетті тұлғасы пайдаланатын электрондық ақпараттық жүйе;

28) төмендетуге бағытталған қадам - төмендетуге бағытталған ашық конкурсты (электрондық сауда-саттық) өткізу кезінде қолданылатын бағаны 1 % - ға (бірақ 100 000 теңgedен артық емес) төмендету;

29) қосалқы мердігер - мердігермен (тапсырыс берушімен) шарт бойынша жұмыстардың бөлігін орындаітын жеке немесе занды тұлға;

30) жабдықтың істен шығуы туралы акт - тапсырыс берушінің бірінші басшысы, сондай-ақ қауіпсіздік және өндіріске жауапты бірінші басшының орынбасары қол қойған, істен шығуы өндірістік циклдің тоқтауына әкеп соғатын жабдықтардың, механизмдердің, агрегаттардың, шығыс материалдарының істен шығуын растайтын құжат;

31) Қазақстан Республикасының мұнай-газ, мұнай өндіру және мұнай-газ химиясы салаларындағы салалық келісім (бұдан әрі - салалық келісім) - Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 152-бабына сәйкес тараптардың республикалық, салалық және өнірлік деңгейлердегі жұмыскерлер үшін мазмұнын және еңбек жағдайларын, жұмыспен қамтуды және әлеуметтік кепілдіктерді белгілеу жөніндегі міндеттемелерін айқындастырын әлеуметтік әріптестік тараптарының арасында жасалатын жазбаша келісім нысанындағы құқықтық акт.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа да ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. Бағалау рәсімін жеңілдету және ТЖКҚ-ны сатып алуға қатысатын әлеуетті жеткізушілер ұсынған, әртүрлі валюталармен көрсетілген бағаларды салыстыру үшін қолданылатын валюта бағаларды бағалау және салыстыру күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми бағам бойынша Қазақстан Республикасының валютасы - теңге болып табылады.

6. Қемірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

- 1) ашық конкурс;
- 2) бір көзден алу;
- 3) төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық);
- 4) тауар биржаларында;
- 5) Қағидалардың 6-бабының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының нормаларын қолданбай ТЖКҚ сатып алу.

Осы Қағидалардың осы тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген тәсілдермен ТЖКҚ сатып алу «Кристалл Менеджмент» АҚ-ның тізілімді немесе жүйені пайдаланумен жүзеге асырылады.

Қағидалардың 6-бабының 1-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының нормаларын қолданбай ТЖКҚ сатып алу осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес, ТЖКҚ тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Тауар биржалары арқылы тауарларды сатып алу «Кристалл Менеджмент» АҚ-ның қалауы бойынша тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

6-1. Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша конкурсты ұйымдастыруши (тапсырыс беруші) конкурс жеңімпазын айқындау кезінде конкурсқа қатысушылардың – жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық берушілерінің конкурстық етінімінің бағасын шартты түрде жиырма пайызға азайтады. Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын менеджерлер мен мамандар санын есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан, қызметкерлерінің жалпы санының кемінде тоқсан бес пайызы Қазақстан Республикасының азаматтары болатын дара кәсіпкерлер және (немесе) занды тұлғалар жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық берушілері болып танылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының халықтың көші-қоны туралы заңнамасына сәйкес корпоративішілік ауыстыру шенберінде Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдік басшылар, менеджерлер мен мамандардың саны әрбір тиісті санат бойынша басшылардың, менеджерлер мен мамандардың жалпы санының елу пайызынан көп болмауға тиіс.

Жер қойнауын пайдаланушылардың және олардың мердігерлерінің қемірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібін қемірсүтектер саласындағы үәкілетті орган айқындасты.

7. Бұл тармақ қолданылмайды.

8. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алу мынадай қағидаттарды сақтай отырып, жүзеге асырылады:

- 1) ТЖКҚ сатып алу процесінің жариялышы мен ашықтығы;
- 2) әлеуетті жеткізушілердің арасындағы адаптациялардың мүмкіндігі;
- 3) қазақстандық ТЖКҚ өндірушілердің қолданыс мүмкіндігі;
- 4) тәң құқықтық, әділдік, әлеуетті жеткізушілерге қатысты кемсітешіліктің және бәсекелестікті негізсіз шектеудің жоқтығы;
- 5) **өндіру кезеңінде** жер қойнауын пайдалануши бекіткен және Құзыретті органмен келісілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жергілікті жеткізушілерді дамыту бағдарламаларын орындау;
- 6) тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді барлық мүдделі жеткізушілерге тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған конкурсқа қатысу үшін толық және кемсітпейтін мүмкіндіктер беру;
- 7) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді әлеуетті жеткізушілерді алдын ала іріктеудің объективті өлшемшарттарын қолдану;
- 8) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жоспарланып отырган сатып алу туралы, сондай-ақ әлеуетті жеткізушілерге қойылатын талаптар туралы, оның ішінде жер қойнауын пайдаланушиның реңми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы барлық мүдделі тұлғалар үшін ақпаратқа ашық қолжетімділік.

8-1. Әлеуетті жеткізуші тапсырыс берушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне сот тәртібімен шағымданған кезде ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындыларын шығару хаттамасы орналастырылған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі осындашында қараша қорытындысы бойынша сот шешімі қүшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

Ашық конкурсы, төмендетуге бағытталған ашық конкурсы (электрондық сауда-саттық) қатыспаған тұлғаның тапсырыс берушінің әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағымдануы ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасу мерзімін тоқтатпайды.

9. ТЖКҚ сатып алу рәсімі мыналарды қамтиды:

- 1) ТЖКҚ сатып алушының жоспарлауда;
- 2) әлеуетті жеткізушінің таңдауда;
- 3) ТЖКҚ сатып алу туралы шартты жасасу.

10. Тізілімді және жүйені пайдалану әлеуетті жеткізушілер үшін тегін.

Тапсырыс беруші және әлеуетті жеткізушілер тізілімде (жүйеде) орналастыратын ақпарат құпия болып табылмайды.

Тізілім (жүйе) әкімшісі ұсынылған ақпаратты өзгерту құқығынсыз, заңды және жеке тұлғаларға, оның ішінде көмірсүтектер саласындағы уәкілетті органға конкурстың құжаттаманы, конкурстың өтінімдерді, конкурстың өтінімдерді қараша және ашық конкурстың, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) қорытындысын шығару хаттамаларын қараша қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Тізілім (жүйе) әкімшісі тізілім (жүйе) белгіленген мерзімге дейін ашық конкурстың немесе бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) әлеуетті жеткізушілері ұсынған баға ұсыныстарын ашқанға дейін оларды тізілім (жүйе) арқылы қарай алмайды.

Тапсырыс беруші откізетін ТЖКҚ сатып алуға қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер ұсынған құжаттарын тапсырыс берушінің және тізілім (жүйе) әкімшісінің жоюына және (немесе) өзгертуіне жол берілмейді.

11. Тізілім (жүйе) арқылы көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ТЖКҚ сатып алуға қатысу үшін тіркеу куәліктерінің тіркеліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығында алынған электрондық цифрлық қолтаңба қойылады, заңды және (немесе) жеке тұлға тізілімге (жүйеге) сатып алуға тапсырыс беруші және (немесе) әлеуетті жеткізуші ретінде тіркеледі,

сондай-ақ тізлімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тұлғалар тіркеледі.

Бұл талап бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алудың қорытындысы бойынша таңдалған әлеуетті жеткізушіге қолданылмайды.

Тапсырыс беруші өз шешімімен тапсырыс беруші атынан осы Қағидаларда көзделген ақпаратты тізлімде (жүйеде) қалыптастыру мен орналастыру бойынша іс-қимылдарды жасайтын уәкілетті тұлғаны белгілейді.

12. Өздерін банкрот деп тану туралы сот шешімдері занды қүшіне енген әлеуетті жеткізушілер, консорциумның қатысуышылары ашық конкурсқа, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттық) қатыспайды.

13. ТЖКҚ сатып алудың жылдық бағдарламасы жер қойнауын пайдалануышының бюджеттері, ТЖКҚ сатып алудың орта мерзімді бағдарламасы жер қойнауын пайдалануышының бюджеттері және (немесе) жер қойнауын пайдалануышының қызметінің негізгі бағыттарын және қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін айқындайтын жер қойнауын пайдалануышылардың басқа құжаттары негізінде әзірленеді.

ТЖКҚ сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламаларында көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде және жер қойнауын пайдалануыш мен мердігер арасында жасалған шартты орындау үшін сатып алынатын барлық ТЖКҚ көрсетіледі.

ТЖКҚ сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламалары тізлімде (жүйеде) және жер қойнауын пайдалануышының сайтында - www.crystal-management.kz орналастырылады.

14. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алу рәсімі ТЖКҚ сатып алудың жылдық бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын ТЖКҚ сатып алу рәсімі осы Қағидалардың 123-тармағында көзделген жағдайларда ТЖКҚ сатып алудың орта мерзімді бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Кажеттілік болса, ТЖКҚ сатып алудың жылдық және орта мерзімді бағдарламаларына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізуге болады.

2-тарау. «Кристалл Менеджмент» АҚ-ны Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде ашық конкурс тәсілімен тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі

1-параграф. Жалпы ережелер

15. Ашық конкурс тәсілімен біртекті болып табылмайтын ТЖКҚ-ны сатып алу кезінде тапсырыс берушінің көрсетілген тәсілмен ТЖКҚ-ны бірынғай сатып алуды ұйымдастыруы және жүргізуі конкурстық құжаттамада мұндай ТЖКҚ-ны лоттарға бөле отырып жүзеге асырылады.

Ашық конкурс тәсілімен біртекті ТЖКҚ-ның бірнеше түрін сатып алу олардың біртекті түрлері бойынша ТЖКҚ-ны лоттарға және оларды жеткізудің (орындаудың, көрсетудің) орны бойынша бөлу арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші ашық конкурсты өткізген кезде лоттарды тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың және (немесе) қызметтерді көрсетудің бір орнына ие біртекті ТЖКҚ-ның саны (көлемдері) бойынша қосымша бөледі.

Тапсырыс беруші біртекті ТЖКҚ-ны жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарт шенберінде сатып алған кезде осындай ТЖКҚ-ны сатып алу сатып алынатын ТЖКҚ-ны жеткізу (орындау, көрсету) жері бірынғай болу шартымен ТЖКҚ көлемдерінің жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша үлестірілуін көрсете отырып, бір лотпен жүзеге асырылады.

ТЖКҚ жеткізу (орындау, көрсету) орны ретінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көрсетілген өз шекаралары шегіндегі кен орны және (немесе) мекенжай

(жылжымайтын мүлік объектісінің орналасқан жері) және (немесе) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартта көрсетілген (көмірсутектерді барлау кезеңінде) оның шегіндегі келісімшарттық аумақ болып табылады.

Егер кен орындарының тобы, кен орнының бір бөлігі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес рентабельділігі төмен болып табылатын кен орындарының санатына жатқызылса, жер қойнауын пайдалануға арналған бірнеше келісімшарттың шеңберінде жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Жабдықтың, көлік құралының белгілі бір үлгісінің қосалқы бөлшектерін (толымдаушы бұйымдарын) бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Жобалау ұйымдарының көрсетілетін қызметтерін және авторлық қадағалаудың көрсетілетін қызметтерін бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

Тауарды монтаждық және (немесе) іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізе отырып және (немесе) персоналды осы жабдықты пайдалану бойынша оқытуды (нұсқама) жүргізу арқылы бір лотпен сатып алуға жол беріледі.

«Толық аяқталған» құрылыш, «толық аяқталған» ұнғыма құрылышы бір лотпен сатып алынады.

Мердігер немесе қосалқы мердігер мердігерлік шартты орындау мақсатында сатып алған тауарлардың жиынтық құны шарт сомасының 50 % (елу пайыздан) аспайды.

Қызмет көрсету шартын орындау мақсатында көрсетілетін қызметті жеткізуі сатып алған тауарлардың жиынтық құны шарт сомасының 30 % (отыз пайыздан) аспайды.

Қосалқы мердігер шартты орындауга басқа тұлғаларды (қосалқы мердігерлерді) тартпайды.

16. Ашық конкурс тоғыз кезеңмен өткізіледі:
 - 1) конкурстық комиссияны қалыптастыру;
 - 2) конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту;
 - 3) ашық конкурстың өткізілуі туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыру;
 - 4) конкурстық өтінімдерді жинау;
 - 5) конкурстық өтінімді қамтамасыз ету;
 - 6) тізілімде (жүйеде) конкурстық өтінімдерді ашу, конкурстық өтінімдердің ашық конкурс талаптарына сай келуі мәніне конкурстық комиссияның қарауы және конкурстық өтінімдерді алдын ала қарау хаттамасын жасау;
 - 7) қорытынды шығару хаттамасын жасай отырып, ашық конкурстың жеңімпазын айқындау;
 - 8) құжаттарды салыстыру хаттамасын жасай отырып, құжаттарды салыстыру рәсімінен өту (конкурстық комиссия мүшелерінде ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығында дәлелді күмән пайда болған кезде тапсырыс берушінің шешімі бойынша);
 - 9) ашық конкурстың жеңімпазымен шарт(-тар) жасасу.

Осы тармақта көзделген жағдайларда әлеуетті жеткізуілердің конкурстық өтінімдерін қарау, ашық конкурстың әлеуетті жеткізуілерінің конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру, сондай-ақ ашық конкурстың жеңімпазын айқындау конкурстық құжаттамада көзделген әрбір лот бойынша жүзеге асырылады.

17. Ашық конкурс өткізілген кезде осы Қағидалардың бұзылуы анықталғанда, тапсырыс беруші ТЖКК сатып алу туралы шарт жасалған мезетке дейін ашық конкурсты өткізбейді және оны қайтадан өткізеді.

Жаңа ашық конкурсты өткізу үшін конкурстық құжаттамаға осы бұзушылықтарды жою және тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін үзарту бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

Ашық конкурс өткізілмей қалған кезде, жаңа ашық конкурс өткізілмей қалған мезеттен бастап бір айдың ішінде жарияланады.

Тапсырыс беруші ашық конкурсты өткізбеку жөнінде қабылдаған шешімі туралы оны өткізуеудің себебін көрсете отырып, ашық конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті жеткізушілерді тізілім (жүйе) арқылы хабардар етеді.

Жер қойнауын пайдаланушиның бекітілген ТЖКҚ сатып алудың жылдық және (немесе) орта мерзімді бағдарламаларында көзделген ТЖКҚ сатып алуға арналған шығыстар қысқартылған кезде, тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімде (жүйеде) ашық конкурсты өткізуден бас тартуы туралы хабарлама жасау арқылы ашық конкурсты өткізуден бас тартады.

2-параграф. Конкурстық комиссияны қалыптастыру

18. Тапсырыс беруші жеке ашық конкурсқа да, сондай-ақ тұрақты негізде де, бірақ бір қаржы жылышынан аспайтын мерзімге конкурстық комиссия құрады.

19. Конкурстық комиссияның құрамына төраға, төрағаның орынбасары және конкурстық комиссияның мүшелері кіреді. Комиссия мүшелерінің жалпы саны тақ саннан тұрады. Конкурстық комиссияның құрамында кемінде үш адам болады. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және конкурстық комиссияның шешім қабылдауы кезінде дауыс бермейді.

Конкурстық комиссия мүшесі сырқаттануына немесе демалыста болуына байланысты, сондай-ақ жұмыстан шыққандығына орай болмағанда, ашық конкурстың қорытындысы шығарылғанға дейін немесе құжаттарды (бар болса) салыстыру рәсіміне дейін конкурстық комиссияның құрамына өзгерістерді немесе толықтыруларды енгізуге жол беріледі.

20. Конкурстық комиссияның отырыстары конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілігі қатысқан жағдайда өткізіледі және қатысқан конкурстық комиссия мүшелері, оның төрағасы, оның орынбасары мен конкурстық комиссияның хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

21. Конкурстық комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оған отырысқа қатысып отырған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берген жағдайда, ол қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, конкурстық комиссияның төрағасы немесе, ол болмаған жағдайда, төрағаның орынбасары дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі. Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда, конкурстық комиссияның кез келген мүшесі айрықша пікірге ие болады, ол жазбаша түрде жазылады және конкурстық комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

22. Конкурстық комиссияның төрағасы оның жұмысына басшылық жасайды, комиссияның отырыстарында терағалық етеді.

23. Конкурстық комиссияның хатшысы ТЖКҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурс рәсімдерінің өткізуін үйымдастырады. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды дайындауды, конкурстық комиссияны қажетті құжаттармен қамтамасыз етеді, конкурстық комиссия отырысының өткізуін үйымдастырады, тізіліммен (жүйемен) қалыптастырылған конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына және ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасына қол қояды, ТЖКҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурстың құжаттары мен материалдарының сақталуын қамтамасыз етеді.

3-параграф. Конкурстық құжаттаманы қалыптастыру және бекіту

24. Конкурстық құжаттама ТЖКҚ сатып алудың талаптары мен шарттары туралы әлеуетті жеткізушилерді хабардар етуге арналған. Конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші әзірлейді және бекітеді.

25. Конкурстық құжаттамада мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) ашық конкурс тәсілімен ТЖКҚ сатып алудың нысанасы (ашық конкурс нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары мен нөмірлері);

2) осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің мазмұны;

3) тапсырыс берушінің атауы (занды тұлға үшін), тегі, аты, экесінің аты (бар болса) (жеке тұлға үшін), нақты мекенжайы;

4) сатып алынатын ТЖКҚ-ның функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану ерекшеліктерінің сипаттамаларымен, бар болса, Қазақстан Республикасының ұлттық стандартын көрсете отырып, әрбір лот бойынша техникалық ерекшелік, бар болса, жоспарлар, сызбалар және эскиздер, сондай-ақ ТЖКҚ-ның осы талаптарға сәйкес келуін растайтын құжаттар тізбесі.

Мердігерлік жұмыстар сатып алынған кезде құрылышта (жобалық құрылыштарды қоса) Қазақстан Республикасында шығарылған құрылыш материалдары, бұйымдар, құрылымдар, инженерлік жабдық пен құрылғылар (бар болса) пайдаланылады;

Мердігер мердігерлік шарт шеңберінде қосалқы мердігерлерге беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемдері жиынтығында жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің екіден бір бөлігінен аспауы тиіс;

5) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің бағасынан басқа, қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) қоспағанда, оларды тасымалдауға, сақтандыруға, кеден баждарын, салықтарды, алымдарды төлеуге арналған шығыстарды да, сондай-ақ тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету шарттарымен көзделген басқа шығыстарды қамтитын конкурстық баға ұсынысы;

6) төлем шарттары;

7) әрбір лот бойынша сатып алынатын тауардың саны, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің көлемдері;

8) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету орындары;

9) әрбір лот бойынша жеткізілетін тауардың бірінші топтамасына тауарларды жеткізу мерзімі тауарды сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап немесе тауарды сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін шартта айқындалған оқиғалар басталған күннен бастап кемінде қүнтізбелік алпыс құн мөлшерінде.

Әрбір лот бойынша жұмыстарды орындау немесе қызметтерді көрсету мерзімі - жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалған күннен бастап және (немесе) конкурстық құжаттамада айқындалған күннен бастап және (немесе) жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін конкурстық құжаттамада айқындалған оқиғалар басталған күннен бастап.

Конкурстық құжаттамада жеткізу мерзімі кемінде қүнтізбелік алпыс құн белгіленген кезде, сатып алынатын тауарлардың қазақстандық өндірушілеріне өздерінің конкурстық өтінімінде шарт жасалған күннен бастап және (немесе) жеткізілетін тауардың бірінші топтамасына өтінім жіберілген мезеттен бастап қүнтізбелік тоқсан күннен аспайтын жеткізу мерзімін көрсетуге жол беріледі;

10) конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу мен аяқталу уақыты;

11) конкурстық өтінімдерді ашу құні мен уақыты;

12) редакциялауға болатын форматта әрбір лот бойынша шарт жобасы;

13) осы Қағидалардың 6-1-бабында көзделген өлшемшартқа сәйкес келетін шартты жеңілдік ұсыну туралы тапсырыс берушінің міндеті және әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің шартты бағасын есептеу үшін осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген құжаттар тізбесі;

14) конкурстық өтінімнің мазмұнына және оны ресімдеуге қойылатын талаптар, сондай ақ әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерінің ең аз қолданылу мерзімі;

15) конкурстық өтінімді және (немесе) ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуіндегі көлемі (егер конкурстық құжаттамада конкурстық өтінімді қамтамасыз ету және (немесе) ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету көзделсе);

16) әрбір лот бойынша ҚҚС-ты есепке алмағанда ашық конкурстың нысанасы болып табылатын ТЖКҚ сатып алуға бөлінген сомалар туралы мәліметтер;

17) осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес тапсырыс берушінің ТЖКҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурсты өткізуден бас тартуының мерзімдері мен тәртібі туралы мәліметтер;

18) әрбір лот бойынша пайызben көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) сатып алынатын ТЖКҚ елішлік құндылық бойынша ең az талаптар.

Тауарлардағы елішлік құндылық бойынша міндеттемелері жоқ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша әрбір лот бойынша пайызben көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) сатып алынатын тауарлардағы елішлік құндылық бойынша ең az талаптарды белгілеуге жол беріледі.

19) бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) ең төмен мөлшері және разрядаралық коэффициенттердің ең төмен шегі бойынша еңбекке ақы төлеу қағидаттарын сақтау белгігінде салалық келісімді сақтау туралы талап.

26. Конкурстың құжаттамада мынадай талаптарды белгілеуге жол беріледі:

1) сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер нарығында және (немесе) тапсырыс беруші белгілеген салада жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарды ұсыну туралы.

Әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесіне қойылатын талап жылдық көлемі құндық мәндегі тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік айлық есептік көрсеткіштің (бұдан әрі - АЕК) мөлшерінен асып түсетін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде тапсырыс беруші белгілейді.

Әлеуетті жеткізушінің жұмыс тәжірибесі әлеуетті жеткізуши жұмыстарды орындаған, қызметтерді көрсеткен ұйымдардың ұсыным хаттарының немесе оң пікірлерінің электрондық көшірмелерімен, орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) қабылдануын-тапсырылуын растайтын тиісті актілердің электрондық көшірмелері қоса беріліп расталады. Бұл ретте соңғы 3 (үш) жылдан асатын жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету саласында тәжірибенің бар болуы жөнінде талап белгіленбейді.

Жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар жұмыс тәжірибесінің әрбір жылы үшін ұсынылады.

Егер тапсырыс берушінің жұмыстарының немесе көрсетілетін қызметтерінің жылдық көлемі құндық мәндегі он төрт мың еселік АЕК мөлшерінен асып түсетін болса, онда әлеуетті жеткізуши жұмыс тәжірибесінің бүкіл мерзімі үшін кемінде бір шарт бойынша тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік АЕК мөлшерінен асатын сомаға жұмыстар (көрсетілетін қызметтер) көлемінің орындалуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Жұмыс тәжірибесінің соңғы жылын есептегендеге ағымдағы қаржы жылы немесе ағымдағы қаржы жылы алдындағы қаржы жылы бойынша Қағидалардың осы тармақшасының үшінші белгігінде көрсетілген, жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттарды ұсынуға жол беріледі;

2) осы зауыт осы тауарды бұрын шығармаған болса, өндіруші зауыттың (дистрибутордың, өндіруші зауыттың ресми өкілінің) тауардың техникалық сипаттамасын ұсынуы туралы;

3) әлеуетті жеткізушинің жұмыскерлерінің кәсіби біліктілігін растайтын дипломдардың, сертификаттардың, куәлік қағаздардың, куәліктердің бар болуы туралы;

4) сатып алынатын тауарлардың өндіруші зауыты (дистрибуторы, өндіруші зауыттың ресми өкілі) тапсырыс берушіге және әлеуетті жеткізушиге берген мыналарды қамтитын хатты ұсыну туралы:

әлеуетті жеткізушиге конкурстың құжаттамада белгіленген көлем мен сапада тауар жеткізу бойынша ашық конкурс талабының орындалуы туралы растама;

жеткізуше ұсынылатын тауардың техникалық ерекшеліктерінің сипаттамасы;

тапсырыс берушіге тауарды уақтылы жеткізуді жүзеге асыру үшін жеткілікті мерзім ішінде әлеуетті жеткізушиге тауарды жеткізу туралы растама;

5) қосалқы бөлшектер немесе шығыс материалдары сатып алынатын тапсырыс берушідегі жабдықтың немесе көлік құралының өндіруші зауыт (дистрибутор, өндіруші зауыттың ресми өкілі) берген, әлеуетті жеткізуши ұсынып отырған қосалқы бөлшектердің

немесе шығыс материалдарының тапсырыс берушідегі осы өндірушінің жабдығымен немесе көлік құралымен салыстырмалылығы туралы хатты ұсыну туралы.

Егер әлеуетті жеткізуші дистрибьютор немесе ресми өкіл берген хатты ұсынатын болса, конкурстық өтінімге осы тұлғалардың өкілеттігін растайтын өндіруші зауыт берген құжаттар қоса беріледі;

6) әлеуетті жеткізушілердің әлеуетті жеткізушіде аккредителген үйыммен сертификатталған, мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес сертификатталған менеджмент жүйесінің (сертификатталған жүйелердің) бар болуын растайтын құжаттарды ұсынуы туралы.

27. Конкурстық құжаттамада:

1) әлеуетті жеткізушілерге осы Қағидаларда көзделмеген кез келген талаптарды белгілеуге;

2) әлеуетті жеткізуші жұмыскерлерінде жұмыс тәжірибесінің бар болуы туралы талапты белгілеуге;

3) мыналар сатып алынатын жағдайларды қоспағанда, тауар таңбаларына, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларға, патенттерге, пайдалы модельдерге, өнеркәсіптік үлгілерге, тауардың шығу орнының атауы мен өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жеке әлеуетті жеткізушіге не өндірушіге тиесілілігін айқындастын өзге де сипаттамаларға сілтеуге жол берілмейді:

негізгі (орнатылған) жабдықты жете жинақтау, жанғырту, жете жарактандыру, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде жоспарлы жөндеу үшін ТЖКК,

мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы бар жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасынаа сәйкес тауарларды сатып алу.

28. Тапсырыс беруші бекіткен конкурстық құжаттаманы тапсырыс беруші тізілімде (жүйеде) мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

Аудармалар арасында қайшылықтар болса, мемлекеттік тілдегі құжаттар артықшылыққа ие болады.

29. Ашық конкурсқа қатысу үшін әлеуетті жеткізушілер әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктейді (көшіріп алады).

30. Ашық конкурстың лотына әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманы және техникалық ерекшелікті жүктемеген (көшіріп алмаған) әлеуетті жеткізушілердің қатысуына жол берілмейді.

Әрбір лот бойынша конкурстық құжаттаманың және техникалық ерекшеліктің көшірмесін ұсыну (тізілімнен (жүйеден) алу) фактісі тізілімде (жүйеде) автоматты түрде тіркеледі.

31. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланғанға дейін конкурстық құжаттаманы ұсынуға жол берілмейді.

32. Әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салумен тапсырыс берушігে оны тізілімде (жүйеде) орналастыру арқылы конкурстық өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүгінеді. Тапсырыс беруші сұрау салу тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жауап береді және сұрау салудың кімнен түсkenін көрсетпестен, негізделген және дәлелді түсіндіруді тізілімде (жүйеде) орналастырады

Тізілімде (жүйеде) осы Қағидалардың осы тармағының бірінші абзацында көрсетілген конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру туралы сұрау салуладың жоқтығы әлеуетті жеткізушінің конкурстық құжаттама талаптарымен келіsetіндігін білдіреді.

Әлеуетті жеткізушінің ашық конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімді беруі конкурстық құжаттама талаптарымен келісуді білдіреді.

33. Тапсырыс беруші осы Қағидалардың 25-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтерді қоспағанда, конкурстық құжаттамаға өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізеді. Өзгерістер және (немесе) толықтырулар конкурстық құжаттамаға конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін бір жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде енгізіледі. Өзгерістер мен (немесе) толықтырулар

енгізілген кезде тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманы қайтадан бекітуі тиіс және тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін конкурстық құжаттамаға өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап әлеуетті жеткізушилер бұл өзгерістерді конкурстық өтінімдерде ескеруі үшін кемінде он жұмыс күніне ұзартады (егер осындай өзгерістер енгізілген сәтте конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі 10 жұмыс күнінен кем болса), бұл ретте конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін ұзартулардың саны шектелмейді.

Тапсырыс беруші енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар ескере отырып, конкурстық құжаттаманың көшірмесін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік бір күннен кешіктірмей барлық әлеуетті жеткізушилерге оны тізілімде (жүйеде) орналастыру арқылы ұсынады.

Конкурстық өтінімді ұсыну мерзімдерін ұзарту туралы акпарат тізілімде (жүйеде) орналастыруға тиіс.

Тапсырыс беруші ашық конкурсқа қатысу үшін конкурстық өтінімдерін берген әлеуетті жеткізушилердің конкурстық құжаттамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу бойынша қабылданған шешім туралы конкурстық құжаттамаға жасалған өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды көрсете отырып, тізілім (жүйе) арқылы хабарлайды.

34. Осы тармаққа сәйкес тапсырыс берушінің ашық конкурстың нысанасы болып табылатын осы ТЖКҚ сатып алуды жүзеге асырудан бас тартуымен байланысты, ашық конкурстың нысанасы болып табылатын ТЖКҚ кейбір лоттарын алып тастау конкурстық құжаттамаға өзгерістер енгізу болып саналмайды.

4-параграф. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруды және конкурстық құжаттаманы тізілімде (жүйеде) орналастыру

35. Ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыру:

1) егер сатып алынатын ТЖКҚ-ның жалпы көлемі әрбір лот бойынша құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік АЕК мөлшеріне тең болса немесе одан аспаса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын;

2) егер сатып алынатын ТЖКҚ-ның жалпы көлемі әрбір лот бойынша құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген он төрт мың еселік АЕК мөлшерінен асса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін кемінде жиырма жұмыс күні бұрын орналастырылады.

36. Тізілімнің (жүйенің) ашық белігінде орналастырылатын ашық конкурсты өткізу туралы хабарландыруда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) ашық конкурстың нысанасы (егер ашық конкурстың нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары және номірлері);

2) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орны;

3) әрбір лот бойынша сатып алынатын тауарлардың сипаттамасы, өлшем бірлігі, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемі, сондай-ақ әрбір лот бойынша техникалық ерекшеліктердің электрондық көшірмесі;

4) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізудің, жұмыстарды орындаудың немесе қызметтерді көрсетудің мерзімі ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалған күннен және (немесе) конкурстық құжаттамада белгіленген күннен бастап, әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу, қызметтерді көрсету, жұмыстарды орындау орны;

5) конкурстық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

6) тізілімде (жүйеде) конкурстық өтінімдерді ұсынудың басталу және аяқталу уақыты, сондай-ақ конкурстық өтінімдерді ашу күні мен уақыты;

7) ККС есепке алмағанда, әрбір лот бойынша ТЖКҚ сатып алуға бөлінген сома;

8) әрбір лот бойынша ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасудың талап етілетін мерзімі ашық конкурстың қорытындылары шығарылған күннен бастап немесе құжаттарды салыстыру хаттамасына қол қойылған күннен бастап;

9) әрбір лот бойынша пайызben көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) сатып алынатын тауарлардағы, жұмыстардағы (көрсетілетін қызметтердегі) елішлік құндылық бойынша ең az талаптар;

Тауарлардағы елішлік құндылық бойынша міндеттемелері жоқ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша сатып алынатын тауарлардағы елішлік құндылық бойынша әрбір лот бойынша пайызben көрсетілген ең az талаптарды (0-ден 100-ге дейін) белгілеуге жол беріледі;

10) әрбір лот бойынша, оның шеңберінде ТЖКҚ сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт (-тар) нөмірі;

11) сатып алынатын ТЖКҚ бағасынан басқа, әлеуетті жеткізушиңің конкурстық баға ұсынысына, ҚҚС есептемегендегі, конкурстық құжаттамада көзделген өзге шығыстарды қосудың қажеттілігі туралы талап;

12) конкурстық өтінімнің қолданыс мерзімі;

13) сатып алу коды.

5-параграф. Конкурстық өтінімдерді жинау

37. Конкурстық өтінім ашық конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті жеткізушиңің конкурстық құжаттаманың шарттарына сәйкес тауарларды жеткізуіді немесе жұмысты орындауды немесе қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру болып табылады.

38. Тізілімде (жүйеде) тіркелу үшін әлеуетті жеткізуши тізілімде (жүйеде) мыналарды орналастырады:

1) заңды тұлғалар үшін:

заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың электрондық көшірмесін;

құрылтайшылар туралы мәліметтерді қамтитын құжаттың электрондық көшірмесін: үлгілік жарғы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін жарғының электрондық көшірмесін - заңды тұлғаны тіркеу туралы белгіленген нысандағы өтініштің электрондық көшірмесін, акцияларды ұстаушылардың тізілімінен үзіндінің электрондық көшірмесін (акционерлік қоғамдар үшін), сондай-ақ құрылтайшылар туралы мәліметтерді қамтитын басқа құжаттың электрондық көшірмесін;

2) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеу туралы құжаттың электрондық көшірмесін;

3) заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) үшін - консорциум туралы келісімнің электрондық көшірмесін, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде тартылған консорциумның қатысушыларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалардың электрондық көшірмелерін, үлгілік жарғы негізінде тіркелген заңды тұлғалар үшін қатысушылар жарғыларының электрондық көшірмелерін - заңды тұлғаны-қатысушыны тіркеу туралы белгіленген нысандағы өтініштің электрондық көшірмесін;

4) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін - Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін, не нотариус куәландырыған мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармалармен бірге, Қазақстан Республикасының бейрезидентті болып табылатын әлеуетті жеткізуши Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын консорциумның қатысушысы (қатысушылары) туралы ұксас мәліметтерді қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелерін.

Тізілімде (жүйеде) тіркелген соң, Қағидалардың осы тармағында көрсетілген деректер өзгерген кезде, әлеуетті жеткізушилер оларды тізілімде (жүйеде) жаңартуды жүзеге асырады.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбау және (немесе) тізілімде (жүйеде) жаңартылған деректерді және (немесе) әріптік, цифрлық және өзге де символдармен сәйкестендірілмейтін ақпаратты қамтитын деректерді орналастырмау әлеуетті жеткізушінің конкурсстық өтінімін қабылдамау үшін негіз болып табылады.

39. Әлеуетті жеткізушінің конкурсстық өтініміне электрондық цифрлық қолтаңба қойылады және тізілімде (жүйеде) орналастырылады.

Әлеуетті жеткізушілер конкурсстық құжаттамада көзделген жағдайларда басқа тілдердегі аударманы қоса бере отырып, конкурсстық өтінімді мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде ұсынады.

Құжаттар арасында қайшылық болса, мемлекеттік тілде ұсынылған құжат артықшылыққа ие болады.

Конкурстық өтінімнің құрамында нотариус куәландырған құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынуға жол беріледі.

Әлеуетті жеткізуші конкурсстық өтінімнің құрамында ұсынған әріптік, цифрлық және өзге де символдармен сәйкестендіруге келмейтін ақпаратты қамтитын құжат әлеуетті жеткізуші тарарапынан ұсынылмаған болып есептелінеді.

Әлеуетті жеткізуші нотариус куәландырған мемлекеттік және (немесе) орыс тілдеріндегі аудармасызы ұсынған шетел тіліндегі құжат әлеуетті жеткізуші тарарапынан ұсынылмаған болып есептелінеді.

Ақпараттық жүйелер арқылы алынған құжаттарды қоспағанда, құжаттардың электрондық көшірмелері әлеуетті жеткізушиде төлнұсқалардың немесе осындай құжаттардың нотариус куәландырған көшірмелерінің бар болуы шартымен қағаз нұсқада ұсынлады.

40. Ашық конкурс туралы хабарландыруда көрсетілген конкурсстық өтінімдерді ұсынудың аяқталу мерзімі аяқталған соң ұсынылатын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушілерінің конкурсстық өтінімдері тізілімде (жүйеде) орналастырылмайды.

41. Әлеуетті жеткізушінің конкурсстық өтінімінде:

1) лицензиялардың электрондық көшірмелері (егер ашық конкурстың шарттарында міндетті лицензиялауға жататын қызмет көзделген жағдайда);

2) конкурсстық өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес берілген, банктің немесе банк филиалының алдындағы әлеуетті жеткізушінің міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешектің жоқтығы туралы әлеуетті жеткізушиге қызмет көрсететін банктің немесе банк филиалының анықтамасының электрондық көшірмесі (егер әлеуетті жеткізуші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдарының, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылса, осы анықтама осындай банктердің әрбіреуінен ұсынлады);

3) берешектің жоқтығы туралы не конкурсстық өтінімдерді ашу күнінің алдындағы бір айдан бұрын емес берілген бір деңгеден кем берешектің болуы туралы тиісті салық органы анықтамасының электрондық көшірмесі;

4) әлеуетті жеткізушінің - Қазақстан Республикасы бейрезидентінің қызметі осы жеткізушінің банкрот деп танылуына байланысты тоқтатылмағандығы туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

5) ТЖҚҚ-ның функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларын көрсете отырып, техникалық ерекшеліктің, сондай-ақ ТЖҚҚ-ның осы талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері болады.

Тауар сатып алынған жағдайда техникалық ерекшелікте жеткізуге ұсынылатын тауардың шыққан елі, өндіруші зауыты, модельдің атауы және техникалық ерекшеліктері көрсетіледі.

Әлеуетті жеткізушиге жеткізу мерзімін конкурсстық құжаттамада белгіленген күнтізбелік алпыс күннен кем мерзімді көрсетуге жол беріледі;

6) әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) ұсынылатын ТЖҚҚ елішілік құндылық бойынша міндеттемелер.

Сатып алынатын тауарлардағы елішілік құндылықтың әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген ең аз талаптарын (0-ден 100-ге дейін) белгілеуге жол беріледі, оның ішінде

тауарлардағы елішлік құндылық бойынша міндеттемелерді қамтымайтын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша;

7) көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізумен байланысты жұмыстардың жекелеген түрлерін орындауға арналған шартты орындау кезінде мердігердің осы Қағидаларды сақтау туралы келісімі (әлеуетті жеткізуши мердігерлік шартын орындауға қажетті ТЖКҚ сатып алған жағдайда);

8) осы Қағидалардың 26-тармағы 1) тармақшасының талаптарына сәйкес жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері (егер конкурсстың құжаттамада әлеуетті жеткізушиңін жұмыс тәжірибесі туралы талап көзделсе);

9) конкурсстың құжаттаманың талаптарына сәйкес, сатып алынатын тауарлардың өндірушісі тапсырыс берушіге және әлеуетті жеткізушиге берген хаттың электрондық көшірмесі (конкурстың құжаттамада тиісті талап бар болған жағдайда);

10) тапсырыс берушінің банк шотына кепілдікті ақшалай жарнаның енгізілуін растайтын төлем тапсырмасының электрондық көшірмесі (конкурстың құжаттамада тиісті талап бар болған жағдайда);

11) әлеуетті жеткізушиде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аккредиттелген ұйыммен сертификатталған, мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес менеджмент жүйесінің (сертификатталған жүйелердің) бар болуын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (конкурстың құжаттамада тиісті талап бар болған жағдайда) болады;

12) ашық конкурсстың әлеуетті жеткізушиінің конкурсстың баға ұсынысы конкурстың құжаттамада көзделген талаптарға сәйкес, ҚКС есепке алмағанда әрбір лот бойынша бөлек, электрондық құжат нысанында тізілімде (жүйеде) ұсынылады;

13) әлеуетті жеткізушинің бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) ең төмен мөлшері және разрядаралық коэффициенттердің ең төмен шектері бойынша еңбекке ақы төлеудің негізгі қағидаттары болігінде салалық келісімді сақтауы жөніндегі міндеттеме;

41-1. Сатып алынатын жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің конкурсстың құжаттаманың талаптарына сәйкес келуін растайтын құжаттар ретінде әлеуетті жеткізушилерге мүліктік жалдау (жалға алу) шартын ұсынуға жол беріледі.

Мүліктік жалдау шарттарына лизинг, жалға алу шарттары, сондай-ақ мүлікті ақылы негізде уақытша пайдалануға берумен байланысты шарттардың түрлері де жатады.

Әлеуетті жеткізушилерге үшінші тұлғалармен ақылы қызмет көрсету шартын және мердігерлік шартын ұсынуға жол берілмейді.

Ашық конкурсқа қатысуға үшінші тұлғалар тартылса, конкурсстың өтінім осы Қағидалардың 41 және 42-тармақтарының талаптарына сәйкес ұсынылады.

42. Ашық конкурсқа қатысу үшін занды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) мыналарды ұсынады:

1) занды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) әр мүшесі осы Қағидалардың 41-тармағының 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген құжаттарды ұсынады;

2) Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында көрсетілген құжаттарды қоспағанда, Қағидалардың 41-тармағында көзделген құжаттарды занды тұлғалардың уақытша бірлестігінің (консорциумның) бір және (немесе) бірнеше қатысушысы ұсынады.

Бірлескен қызмет туралы шартта консорциумға басшылық жасау көзделеді, сондай-ақ жұмысты немесе көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа қол қоюды жұмыс тәжірибесі мол (егер конкурсстың құжаттамада жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар көзделсе) және сатып алу нысанасына сәйкес қызметті жүзеге асыруға рұқсат беру құжаттары бар (егер қызметті жүзеге асыру үшін «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру құжаттары қажет болса) консорциум қатысушысы жүзеге асырады.

43. Конкурстың өтінімді қамтамасыз ету банк кепілдігі түрінде енгізілген жағдайда, банк кепілдігінің түпнұсқасы конкурстың құжаттамада көрсетілген конкурстың өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін жабық конвертте ұсынылады.

Жабық конверттің бет жағында әлеуетті жеткізуіші мыналарды: әлеуетті жеткізуінің толық атауын және пошталық мекенжайын; конкурстық құжаттамада көрсетілген үқсас мәліметтерге сәйкес келуге тиіс тапсырыс берушінің толық атауы мен пошталық мекенжайын; конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгендергін растайтын, қатысу үшін банк кепілдігі ұсынылатын ашық конкурстың (лоттың) атауын көрсетеді.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз етудің енгізілгендергін растайтын банк кепілдігін қамтитын, белгіленген мерзім өткен соң ұсынылған конверт ашылмайды және әлеуетті жеткізуігে қайтарылады.

44. Егер әлеуетті жеткізуіші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, онда осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген құжаттар немесе Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын әлеуетті жеткізуіші туралы үқсас мәліметтерді қамтитын құжаттар ұсынылады.

45. Әлеуетті жеткізуішілер шартты бағаны есептеу үшін осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген құжаттардан басқа, егер әлеуетті жеткізуіші ашық конкурстың нысанасы болып табылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қазақстандық өндірушісі болып табылса, құжаттың электрондық көшірмесі түрінде осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қызметкерлердің саны туралы мәліметтерді ұсынады.

46. Әлеуетті жеткізуіші конкурстық өтінімді конкурстық құжаттамада көрсетілген оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін тізілімде (жүйеде) ұсынады.

Әлеуетті жеткізуінің конкурстық өтінімді ұсыну фактісі тізілімде (жүйеде) автоматты түрде тіркеледі.

47. Әлеуетті жеткізуішіге конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей мыналарға:

- 1) конкурстық өтінімді өзгертуге және (немесе) толықтыруға;
- 2) өзі енгізген конкурстық өтінімдерді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпай, өзінің конкурстық өтінімін қайтарып алуға жол беріледі.

48. Әлеуетті жеткізуіші:
1) бір лотқа бірден артық конкурстық өтінімді;
2) конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғаннан кейін конкурстық өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізбейді.

Әлеуетті жеткізуішіге конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталған соң конкурстық өтінімді қайтарып алуға жол берілмейді.

49. Әлеуетті жеткізуіші ашық конкурстың бірнеше лотына қатысқан жағдайда, осы Қағидалардың 41-тармағының 1), 5), 6), 7), 8), 9), 10) тармақшаларында көзделген құжаттар және конкурстық баға ұсынысы ашық конкурстың әрбір лоты үшін жеке ұсынады.

50. Әлеуетті жеткізуіші өзінің ашық конкурс тәсілімен ТЖКҚ сатып алуға қатысуымен байланысты барлық шығыстарды көтереді. Тапсырыс беруші ТЖКҚ сатып алушың қорытындыларына қарамастан, осы шығындарды өтеу бойынша міндеттемелерге жауап бермейді.

6-параграф. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету

51. Тапсырыс берушіге ТЖКҚ сатып алу үшін конкурстық құжаттамада көзделген сомадан бір пайыздан артық конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшерін белгілеуге жол берілмейді.

52. Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мынадай тәсілдердің бірімен енгізіледі:
1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілдікті акшалай жарнасы;
2) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банк кепілдігі.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдау құқығын әлеуетті жеткізуіші жүзеге асырады.

53. Жеткізуші үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаны толық не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкелетін әрекет жасамайды.

54. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізуші енгізген кепілдікті ақшалай жарнаны осы Қағидалардың 56-тармағында көзделген жағдайлар туындағанға дейін пайдаланбайды.

55. Осы Қағидалардың осы параграфында көзделген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы ережелері мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына қолданылмайды.

56 Тапсырыс беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлардың бірі туындаған кезде:

1) ашық конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуші және (немесе) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуші хабарламада белгіленген мерзімде шартты ұсынбаса немесе ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың ережелері ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жобасына және (немесе) жеңімпаздың және (немесе) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтініміне сәйкес келмесе;

2) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариус куәландырған көшірмелері ашық конкурска қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстырып тексеру рәсімінен өтпесе немесе құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариус куәландырған көшірмелері ұсынылмаса;

3) ашық конкурстың жеңімпазы және (немесе) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурсы жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуші ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасып, егер оның енгізілуі конкурстық құжаттамада көзделген жағдайда, ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орында маса, қайтармайды.

57. Осы Қағидалардың 56-тармағында көзделген жағдайлардың бірі туындаған жағдайда, конкурстық өтінімді қамтамасыз ету сомасы тапсырыс берушінің кірісіне есептеледі.

58. Тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушіге ол енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді мынадай жағдайлар туындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қайтарады:

1) осы әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурстық өтінімін кері қайтарып алса;

2) тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді қарau хаттамасына қол қойса.

Осы тармақшаның шарттары ТЖКҚ сатып алуға қатысуға рұқсат алмаған әлеуетті жеткізушілерге қолданылады;

3) тапсырыс беруші ашық конкурстың қорытындыларын шығару хаттамасына қол қойса.

Осы тармақша ашық конкурс жеңімпазы және (немесе) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуші деп айқындалған ашық конкурстың әлеуетті жеткізушісіне қолданылмайды;

4) ТЖКҚ сатып алу туралы шарт күшіне енген және ашық конкурс жеңімпазы ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізген жағдайда, егер оның енгізілуі конкурстық құжаттамада көзделсе.

Конкурстық өтінімді қамтамасыз ету жеңімпазға және конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушіге қайтарылады;

5) әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімінің қолданылу мерзімі өтсе;

6) тапсырыс берушінің ТЖКҚ сатып алудан бас тартуына байланысты ашық конкурстың нысанасы болып табылатын осы ТЖКҚ кейбір лоттары алынып тасталса.

Осы тармақшаның шарты тапсырыс беруші алып тастаған лотқа қатысу үшін конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті жеткізушілерге тарапады;

- 7) тапсырыс беруші ТЖКК сатып алу жөніндегі ашық конкурстан бас тартса немесе оны жойса;
- 8) сатып алудың жеңімпазы болып айқындалған әлеуетті жеткізуши осы Қағидалардың 121-тармағына сәйкес тауарды немесе жұмыстарды сатып алу туралы шарт жобасының құнының өзгеруіне байланысты тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса.

7-параграф. Тізілімде (жүйеде) конкурстық өтінімдерді ашу, конкурстық комиссияның конкурстық өтінімдерді ашық конкурстың талаптарына сай келуі мәніне қарауы және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын жасау

59. Конкурстық өтінімді ұсыну фактісі мынадай мәліметтерді көрсете отырып, тізілімде (жүйеде) автоматты режимде тіркеледі:

- 1) ашық конкурстың нысанасы (егер ашық конкурс нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда лоттардың атаулары мен нөмірлері);
- 2) әлеуетті жеткізушиңің атауы мен орналасқан орнының мекенжайы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты және орналасқан орны (жеке тұлғалар үшін);
- 3) әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімді ұсынған күні және уақыты;
- 4) әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтінімді қайтарып алған күні мен уақыты.

Конкурстық өтінімдер тізілімнің (жүйенің) жабық бөлігінде орналасады және конкурстық өтінімдер ашылғанға дейін тізілім (жүйе) әкімшісі, көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган, тапсырыс беруші және әлеуетті жеткізушилер оларды қарай алмайды.

Конкурстық баға ұсыныстары тізілімнің (жүйенің) жабық бөлігінде орналастырылады және конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы тізілімде (жүйеде) орналастырылғанға дейін тізілім (жүйе) әкімшісі, көмірсүтектер саласындағы уәкілетті орган, тапсырыс беруші және әлеуетті жеткізушилер оларды қарай алмайды.

60. Конкурстық құжаттамада көрсетілген ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғаннан кейін ұсынылатын әлеуетті жеткізушилердің конкурстық өтінімдері тізілімде (жүйеде) орналастырылмайды.

61. Әлеуетті жеткізушилердің конкурстық өтінімдері конкурстық құжаттамада белгіленген мерзімде тізілімде (жүйеде) ашылады.

62. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді қарайды және егер конкурстық құжаттамада өзгеше ұзағырақ мерзім көзделмесе, әлеуетті жеткізушилерді әрбір лот бойынша конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімінің соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдайды.

63. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімді осы Қағидалардың талаптарына сай келетін және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін өтінім ретінде қарайды, егер онда конкурстық өтінімнің мәнін қозғамай түзетуге келетін грамматикалық қателер бар болса;

64. Конкурстық өтінімдерді қараған кезде:

1) конкурстық өтінімдерді қарауды жеңілдету үшін конкурстық комиссияның тізілімде (жүйеде) орналастыру арқылы ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінен олардың мазмұнын өзгерпестен, бірақ конкурстық өтінімдерді қараудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, олардың конкурстық өтінімдеріне байланысты түсіндірмелерді сұратуға жол беріледі. Әлеуетті жеткізуши сұрау салу орналастырылған сәттен бастап екі жұмыс күн ішінде оған тізілімде (жүйеде) жауап береді;

2) тапсырыс беруші әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтініміне қандай да бір өзгерістер енгізеді;

3) тапсырыс беруші конкурстық құжаттаманың және осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін конкурстық өтінімді осы талаптарға сәйкес келтіру үшін ешқандай сұрау салуларды, ұсыныстарды немесе рұқсаттарды жібермейді.

65. Конкурстық комиссия мынадай негіздер бойынша конкурстық өтінімді қабылдамайды және әлеуettі жеткізуши ашық конкурсқа қатысуға жібермейді:

1) осы Қағидалардың 41-тармағында, әлеуettі жеткізуши Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банктік кепілдігі нысанында конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдаған жағдайда, осы Қағидалардың 43-тармағында, сондай-ақ заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум) ашық конкурсқа, төмендетуге бағытталған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттық) қатысқан жағдайда, осы Қағидалардың 42-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылmas;

2) конкурстық өтінім файлды ашудағы қатемен ұсынылса;

3) құрылтай құжаттары осы Қағидалардың 38-тармағының талаптарын бұза отырып орналастырылса;

4) тиісті салық органының анықтамасында салықтық берешектің және міндettі зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша бір және одан артық теңге мөлшерінде берешектің бар болуы мәліметтер болса;

5) банк немесе банк филиалы анықтамасының электрондық көшірмесінде әлеуettі жеткізушиңің міндettемелері түрлерінің біреуінен болса да мерзімі өткен берешек болса;

6) Қағидалардың 12-тармағында көзделген ашық конкурсқа қатысумен байланысты шектеулөр болса.

Комиссия банкроттық рәсімдердің өткізілуіне бақылау жүргізетін үәкілетті органының интернет-ресурсында орналастырылған ақпаратты қарайды.

7) осы әлеуettі жеткізушиңің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуettі жеткізушиңің үәкілетті өкілінің жақын туыстары, жұбайы (зайбы) немесе жегжаттары жеткізушиңі таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие болса не өткізілетін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруышының өкілі болып табылса;

8) әлеуettі жеткізуши конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынса;

9) әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) ұсынылатын ТЖКҚ елішшілік құндылық бойынша міндettемелер конкурстық құжаттамада көрсетілген талап етілетін елішшілік құндылық көрсеткіштерінен кем болса;

10) күмәнді ақпаратты ұсыну фактісі анықталса.

Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына күмәнді ақпаратты ұсыну фактісін растайтын, әлеуettі жеткізуши ұсынған ақпарат авторының ресми хаттарының электрондық көшірмелері қоса беріледі.

Конкурстық өтінімдерді Қағидалардың осы тармағында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауга жол берілмейді.

Тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында әлеуettі жеткізушиңің конкурстық өтінімін қабылдамау үшін негіз болып табылған себептерді түсіндіре және құжаттарды көрсете отырып, осы тармақта көрсетілген конкурстық өтінімдерді қабылдамауга негіздерді көрсетеді.

11) Тапсырыс беруші мен төмендегілер арасында бұрын жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша міндettемелерді орындауда немесе тиісті түрде орындауда фактісін растайтын сот шешімі күшіне енген мезеттен бастап жиырма төрт айдың ішінде конкурстық өтінімді қабылдамауга жол беріледі:

осы конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуettі жеткізушилер, заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерінің (консорциумдардың) қатысушыларымен;

қатысушысы, акционері немесе басшысы конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуettі жеткізушилерді, заңды тұлғалардың уақытша бірлестіктерін (консорциумдарды) басқарумен, құрумен, жарғылық капиталына қатысумен байланысты заңды тұлғалармен.

Конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасына осындай сот шешімдерінің электрондық көшірмелері қоса беріледі;

12) осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде төмендету өлшемшартын есепке алмағанда, әлеуettі жеткізушиңің конкурстық баға ұсынысы ТЖКҚ сатып алуга бөлінген соманың 80 % (сексен пайыздан) төмен болса.

66. Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерін қарау кезінде әлеуетті жеткізушінің қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушісі мәртебесіне сәйкестігін анықтау үшін әлеуетті жеткізуші осы Қағидалардың 45-тармағына сәйкес ұсынған мәліметтерді ескереді.

Әлеуетті жеткізуші оның қазақстандық жұмыстардың немесе қызметтердің өндірушісі мәртебесіне сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынбаса, конкурстық комиссия осындағы әлеуетті жеткізушінің конкурстық баға ұсынысына осы Қағидалардың 6-1-тармағынаа сәйкес бағаны шартты төмендетуді қолданбайды.

67. Әлеуетті жеткізушінің конкурстық өтінімін тапсырыс берушінің конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімін ұзартуына байланысты құжаттардың қолдану мерзімінің өтуі себебі бойынша қабылдамауға жол берілмейді.

68. Егер анағұрлым жақсы функционалдық және басқа да сипаттамалары бар тауарлар мен көрсетілетін қызметтер ұсынылса, сондай-ақ егер анағұрлым жақсы технологиялық шешімдер және (немесе) ең жақсы материалдардан жасалған жұмыстарды орындау ұсынылса, әлеуетті жеткізушінің техникалық ерекшелігінің конкурстық құжаттамада көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмеуі конкурстық өтінімді қабылдамауға негіз болып табылмайды.

69. Тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасын тізілімде (жүйеде) қалыптастырады, оған тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және тапсырыс берушінің тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілдептік берген тұлғасы оны тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырады және ол мыналарды қамтиды:

- 1) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орнын;
- 2) отырыстың өткізілетін күнін, уақыты мен орнын;
- 3) конкурстық комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетілген конкурстық комиссия құрамын;
- 4) ашық конкурстың нысанасын (егер ашық конкурстың нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауларын);
- 5) әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКК сипаттамасын, өлшем бірліктері мен шоттың мемлекетаралық сыныптауышына сәйкес өлшем бірлігін, санын (көлемін);
- 6) конкурстық өтінімдерді ұсыну күні мен уақытын көрсетумен, конкурстық өтінімдерді ұсынған әлеуетті жеткізушілердің атауын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);
- 7) өзінің конкурстық өтінімін қайтарып алған әлеуетті жеткізушілердің атауын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);
- 8) жеке әрбір лот бойынша әлеуетті жеткізушілердің ашылған конкурстық өтінімдерінің мазмұны туралы ақпаратты;
- 9) қабылдамауға негіз болған себептерді көрсетумен, конкурстық өтінімдері қабылданбаған әлеуетті жеткізушілердің атауын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);
- 10) конкурстық өтінімдері ашық конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілердің атауын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);
- 11) салыстыру рәсімінен өту үшін әлеуетті жеткізушілердің конкурстық өтінімдерінен құралған құжаттар тізбесін (конкурстық комиссияның шешімі бойынша).

Тапсырыс берушінің шешімі бойынша конкурстық комиссияның мүшелері ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығына күмән келтірсе, конкурстық рәсімдердің жеңімпазы құжаттарды салыстыру рәсімінен өту үшін, конкурстық өтінімге қоса берілген барлық құжаттар тізбесін ұсынады;

12) конкурстық комиссияның шешімімен (бар болса) келіспеген жағдайда конкурстық комиссия мүшесінің (мүшелерінің) айрықша пікірін;

13) сатып алу кодын және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының мекенжайын;

14) ТЖКК сатып алу жүзеге асырылған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) нөмірін (нөмірлерін).

Конкурстық өтінімдерді қарau хattамасының қағаз нұсқасына төраға және (немесе) төрағаның орынбасары, хатшы және конкурстық өтінімдерді қарau ресіміне қатысқан барлық конкурстық комиссия мүшелері қол қояды.

70. Ашық конкурсқа қатысуға рұқсат беру нәтижелері немесе қабылданбауы туралы мүдделі тұлғаларды хабардар ету тапсырыс берушінің тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тұлғасының конкурстық өтінімдерді қарau хattамасын тізілімде (жүйеде) орналастыру болып табылады.

71. Ашық конкурстың барлық лоттары бойынша әлеуетті жеткізушилердің ұсынылған немесе бас тартылмаған конкурстық өтінімдері тізілімде (жүйеде) жоқ болған жағдайда, ашық конкурсты өткізілмеді деп тану туралы шешім қабылданады және осы Қағидалардың 81 және 82 тармақтарына сәйкес тәртіппен ТЖКК сатып алу жөніндегі ашық конкурстың қорытындысын шығару хattамасы ресімделеді.

8-параграф. Ашық конкурстың қорытындысын шығару хattамасын жасаумен ашық конкурстың жеңімпазын айқындау

72. Конкурстық өтінімдерді қарau хattамасына қол қойылғаннан және тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырылғаннан кейін, тізілімде (жүйеде) автоматты түрде конкурстық өтінімдері ашық конкурсқа қатысуға жіберілген ашық конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын ашу, сондай-ақ конкурстық баға ұсыныстарын бағалау мен салыстырып тексеру жүзеге асырылады.

73. Ашық конкурсқа қатысушының конкурстық баға ұсынысының бағасы ашық конкурстың (лоттың) нысанасы болып табылатын ТЖКК сатып алуға бөлінген сомадан асқан жағдайда, ұсынылған конкурстық баға ұсыныстары тізілімде (жүйеде) қабылданбайды.

74. Конкурстық баға ұсынысы ашық конкурстың шарттарына сәйкес келмейді деп қабылданбай қоймаған ашық конкурстың жалғыз әлеуетті жеткізуши болған жағдайда, ондай әлеуетті жеткізуши жеңімпаз болып танылады.

75. Осы Қағидалардың 73-тармағында көлтірілген шарт бойынша бас тартылмаған конкурстық баға ұсыныстары тізілімде (жүйеде) бағаланады және салыстырылады, және осы Қағидалардың 6-1-тармағындағы көзделген бағаны шартты түрде азайту бойынша өлшемшартты ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төмен бағасының негізінде ашық конкурстың жеңімпазы (лоттар бойынша) айқындалады.

76. Ашық конкурстың жеңімпазын айқындау кезінде Кодекстің 131-бабының 1-тармағында, 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде азайту бойынша өлшемшартты қолдануды ескере отырып, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағасы тең болса, артықшылық қазақстандық жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің өндірушісіне беріледі.

77. Ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елшілік құндылық бойынша ең үлкен пайызын ұсынған әлеуетті жеткізуши мынадай жағдайларда ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады:

1) Кодекстің 131-бабының 1-тармағында, 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде азайту бойынша өлшемшартты қолдануды ескере отырып, қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушілері болып табылатын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса;

2) қазақстандық ТЖКК өндірушілері болып табылмайтын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса.

78. Конкурстық өтінімі ашық конкурстың басқа әлеуетті жеткізушилерінің конкурстық өтінімдерінен тізілімге (жүйеге) бұрын түскен әлеуетті жеткізуши мынадай жағдайларда:

1) Кодекстің 131-бабының 1-тармағында, 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде төмендегу бойынша өлшемшартты қолдануды ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстары және қазақстандық жұмыстардың немесе қызметтердің өндірушілері болып табылатын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилері ұсынған ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елішлік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болған;

2) конкурстық баға ұсыныстары және қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушілері болып табылмайтын ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилері ұсынған ашық конкурстың нысанасы болып табылатын сатып алынатын жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елішлік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болған жағдайда, ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады.

79. Конкурстық комиссия ашық конкурсты мына жағдайларда өтпеген деп таниды:

1) ұсынған конкурстық өтінімдердің болмауына байланысты;

2) әлеуетті жеткізушилердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары ашық конкурстың талаптарына сәйкес келмейтіндер ретінде қабылданбаған жағдайда..

80. Ашық конкурс өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жаңа ашық конкурсты өткізу туралы;

2) бір көзден алу тәсілімен ТЖҚҚ сатып алу туралы.

81. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстыру қорытындылары бойынша шешім конкурстық баға ұсыныстары ашылған күнінен кешіктірмей тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтақбасы қойылған, ТЖҚҚ сатып алу жөніндегі ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасы түрінде қалыптастырылады және орналастырылады.

82. Ашық конкурстың қорытындысын шығару хаттамасы мыналарды қамтиды:

1) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауын мен орналасқан орнын;

2) ашық конкурстың қорытындысын шығару күнін, уақытын;

3) конкурстық комиссия құрамын;

4) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес ашық конкурстың нысанасын (егер ашық конкурстың нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атауларын);

5) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес, конкурстық баға ұсыныстары тізілімде (жүйеде) ашылған ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінің атауы мен орналасқан жерінің мекенжайын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және орналасқан орнын (жеке тұлғалар үшін);

6) өлшем және есеп бірліктерінің мемлекетаралық сыныптауышына сәйкес өлшем бірлігін, сипатын, әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖҚҚ санын (көлемін);

7) конкурстық баға ұсыныстарының бағаларын көрсетумен, конкурстық баға ұсыныстары осы Қағидалардың 73-тармағында келтірілген себеппен қабылданбаған ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінің атауын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) (жеке тұлғалар үшін);

8) осы Қағидалардың 6-1-бабында көзделген бағаны шартты түрде азайту өлшемшартын қолдануды ескере отырып, ашық конкурстың әлеуетті жеткізушилерінің қабылданған конкурстық баға ұсыныстарының бағаларын (лоттар бойынша);

9) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес, ашық конкурс жеңімпазының атауын және орналасқан жерінің мекенжайын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және орналасқан жерін (жеке тұлғалар үшін), конкурстық баға ұсынысының бағасын (лоттар бойынша) және (немесе) ашық конкурстың нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, себепті (лоттар бойынша);

10) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес, конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу

болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушінің атауын және орналасқан жерінің мекенжайын (занды тұлғалар үшін) немесе тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) және орналасқан жерін (жеке тұлғалар үшін), конкурстық баға ұсынысының бағасын (лоттар бойынша);

11) жеңімпаздың және баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болатын екінші әлеуетті жеткізушінің міндеттемелерін, әрбір лот бойынша пайызben көрсетілген (0-ден 100-ге дейін) ұсынылатын тауарлардағы немесе жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елішлік құндылық бойынша міндеттемелерін;

12) сатып алу кодын және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының мекенжайын;

13) ТЖКҚ сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) нөмірін (нөмірлерін).

83. Тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде қорытынды шығару хаттамасына қол қойылған және орналастырылған күннен кешіктірмей, тапсырыс беруші тізілімде (жүйеде) хабарлама жасап, оны жеңімпаздың электрондық пошта мекенжайына жолдайды және ол мыналарды қамтиды:

1) жеңімпаздың қол қойылған ТЖКҚ сатып алу туралы шартты ұсынуына арналған мерзімді;

2) ашық конкурсқа қатысу кезінде конкурстық өтінімнің құрамында ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өту үшін, конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында көзделген құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариус куәландырыған көшірмелерінің тізбесін (бар болса);

3) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғага берілген сенімхаттың түпнұсқасын (көшірмесін) (егер шартқа бірінші басшы болып табылмайтын тұлға қол қойса) немесе бірінші тұлғаны тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесін (құрылтайшылар (акционерлер) шешімінің көшірмесін) ұсыну туралы талапты.

Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса берумен ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шарт конкурстық құжаттамада көрсетілген тапсырыс берушінің мекенжайына хабарлама жіберілген мезеттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Әлеуетті жеткізушилер - Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шартты және Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынуға жол беріледі.

83-1. Әлеуетті жеткізуши осы Қағидалардың негізінде өткізілетін конкурстардың қорытындыларына сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

3-тарау. «Кристалл Менеджмент» АҚ қомірсугектерді барлау немесе өндіру жоніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бір көзден алу тәсілімен сатып алу тәртібі

84. Откен ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) қорытындысы бойынша бір көзден алу тәсілімен ТЖКҚ сатып алу мына жағдайларда жүзеге асырылады:

1) ашық конкурс, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық):

төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өткізілген кезде әлеуетті жеткізушилер ұсынған конкурстық өтінімдердің, конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты;

әлеуетті жеткізушилердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары ашық конкурстың, төмендетуге ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) талаптарына сәйкес келмейтін ретінде қабылданбағандықтан, өтпелі деп танылса;

2) ашық конкурстың жеңімпазы деп айқындалған әлеуетті жеткізуши және (немесе) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс, төмендетуге бағытталған ашық конкурс

(электрондық сауда-саттық) жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуши (бар болса) хабарламада белгіленген мерзімде шартты ұсынбаса немесе ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың ережелері ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жобасына және (немесе) жеңімпаздың және (немесе) конкурстық баға ұсынысы ашық конкурс жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушиңің конкурстық өтініміне сәйкес келмесе;

3) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қоса берілетін құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариус куәландырған көшірмелері ашық конкурсы, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурсы (электрондық сауда-саттық) қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өтпесе немесе құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариус куәландырған көшірмелері ұсынылмаса;

4) төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы және (немесе) конкурстық баға ұсынысы жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуши (бар болса) ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасасып, ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарды орындамаса, егер оның енгізілуі конкурстық құжаттамада көзделсе;

5) жеңімпаз және конкурстық баға ұсынысы жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізуши (бар болса) осы Қағидалардың 121-тармағына сәйкес тауарды немесе жұмыстарды сатып алу туралы шарт жобасының құнының өзгеруіне байланысты тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жасасудан бас тартса;

6) жеткізушиңің міндеттемелерді орындауына байланысты ТЖКҚ сатып алу туралы шарт таралтардың екіжақты келісімі бойынша бұзылса. Шарт бір көзден алу тәсілімен сатып алудың қорытындысы бойынша Қағидалардың 86-тармағында көзделген талаптармен бұрын бұзылған шарт бойынша ТЖКҚ-ның орындалмаған көлеміне жасалады.

85. ТЖКҚ бір көзден алу тәсілімен сатып алу мына тізбе бойынша жүзеге асырылады:

1) төтенше жағдайлардың салдарын оқшаулау және (немесе) жою, аварияларды жою үшін, сондай-ақ бірінші, екінші және үшінші деңгейдеі мұнайдың авариялық төгілуінің салдарын жоюды қамтамасыз ету бойынша ТЖКҚ сатып алу;

2) сатып алынатын ТЖКҚ-ға қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын ТЖКҚ сатып алу;

3) істен шығуы өндірістік циклдің тоқтауына экелетін жабдықтардың, механизмдердің, агрегаттардың, шығыс материалдарының істен шығуы жағдайларында ТЖКҚ сатып алу.

Тапсырыс беруші бір көзден алу тәсілімен сатып алу қорытындысының хаттамасына жабдықтың істен шығуы туралы актін қоса береді;

4) өндірістік қуаттары қалдықтарды олардың түзілу көзінен барынша аз тасымалдауды қамтамасыз ететін, шаруашылық қызмет процесінде әлеуетті жеткізуіде түзілетін қалдықтарды қайта өндеу және (немесе) жою және (немесе) орналастыру және (немесе) тасымалдау және (немесе) кәдеге жарату жұмыстарын сатып алу;

5) өндірістік қуаттары моноқалаларда орналасқан және жалғыз қала құраушы кәсіпорын тапсырыс берушінің кәсіпорны болып табылатын, моноқалаларда тіркелген қазақстандық ТЖКҚ өндірушілерінен ТЖКҚ сатып алу.

Тауарды жеткізу (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) орны моноқала болып табылады;

6) далалық геологиялық-геофизикалық зерттеулерге және (немесе) осындағы зерттеулердің алынған деректерін өндеуге және түсіндіруге, «толық аяқталған» ұнғымаларды салуға, «толық аяқталған» ұнғымаларды салу кезінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жиынтығына кіретін жекелеген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге жататын көмірсүткөтерді барлау жобаларына арналған жұмыстар және (немесе) көрсетілетін қызметтерді, сондай-ақ газ кен орнын жайластыру шенберінде кешенді газ өндеу қондырғысын салуға арналған ТЖКҚ сатып алу;

6-1) жобалық-іздестіру жұмыстары және ұнғымаларды жайластыру үшін және дайындық кезеңінде шикі газды дайындау және қайта өндіу мақсатында газды қайта өндіу қуаттарына немесе газ дайындау қондырғыларына дейін тасымалдауға арналған ТЖКК;

7) офтейк-келісімшарттар шенберінде өндірілген, сондай-ақ осы тауарларды өндірушілерден осында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді (шеф-монтаждау, монтаждау немесе іске қосу-баптау жұмыстары) өндіруге ілеспе тауарлар, сондай-ақ келісімшарттық сатып алу шарты шенберінде «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Занының 47-бабына сәйкес тауарлардың бекітілген тізбесі негізінде өндірілген тауарларды сатып алу;

8) жобалау, жобаға дейінгі құжаттаманы әзірлеген жеткізуіден жобалау, жобаға дейінгі құжаттамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

9) кепілді қызмет көрсету кезеңінде техникалық сүйемелдеуге, лицензиялық бағдарламалық өнімдерді техникалық сүйемелдеуге арналған ТЖКК сатып алу;

10) қазақстандық тауарларды олардың өндірушілерінен не жер қойнауын пайдаланушылар үшін экономикалық тиімділік болған кезде осы өндірушілермен саудаделдәлдік қатынастарда жүрген тұлғалардан тауарларды сатып алу.

Тауарлар «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат және (немесе) «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» Қазақстан Республикасы Занының 21-бабына сәйкес «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы берген индустримальық сертификат негізінде сатып алынады.

«СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат болмаған кезде тауарды сатып алу туралы шарт «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы берген индустримальық сертификат және тауардың жеткізілуімен бірге елшілік құндылықтың болжамды үлесін көрсете отырып, «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатты ұсыну туралы кепілдік хаттың негізінде жасалады.

86. ТЖКК осы Қағидалардың 84-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алынған кезде, ТЖКК сатып алудың шарттары өтпеген ашық конкурстың, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) конкурстың құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді.

ТЖКК осы Қағидалардың 84-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларына сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алынған кезде, ТЖКК сатып алудың шарттары қорытындысы бойынша бір көзден сатып алу жүзеге асырылатын ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) конкурстың құжаттамасының талаптарына сәйкес келеді.

Қағидалардың 84-тармағына сәйкес ТЖКК-ны сатып алу кезінде әлеуетті жеткізуі ТЖКК сатып алу туралы шартты жасау алдында тапсырыс берушіге осы Қағидалардың 84-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өтпеген ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) талаптарына сәйкес немесе Қағидалардың 84-тармағының 2), 3), 4), 5), 6) тармақшаларына сәйкес оның қорытындысы бойынша бір көзден сатып алу жүзеге асырылған ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) талаптарына сәйкес электрондық түрде конкурстың өтінімді ұсынады.

Конкурстың өтінімді әлеуетті жеткізуілер конкурстың құжаттама тілінде ұсынады. Әлеуетті жеткізуі конкурстың өтінімді қамтамасыз етуді енгізуі растайтын құжатты ұсынбайды (конкурстың құжаттамада конкурстың өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы талап болған жағдайда).

87. Егер ТЖКК сатып алу осы Қағидалардың 6-тармағының және 7-тармағының 1), 3) тармақшаларына сәйкес осы Қағидаларды бұза отырып өткізілген болса, осы Қағидалардың 84-тармағына сәйкес ТЖКК сатып алудың бір көзден алу тәсілі қолданылмайды.

Өтпеген ашық конкурстың, бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) қорытындысы бойынша, осы Қағидалардың 65-тармағының 6), 7), 8), 10), 11), 12) тармақшаларына сәйкес барлық әлеуетті жеткізушілердің конкурстық етінімдері қабылданбаған жағдайларды қоспағанда, Тапсырыс беруші өтпеген ашық конкурсыңа, бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурсыңа (электрондық сауда-саттық) қатыспаған жеткізушіден ТЖКК бір көзден сатып алмайды.

88. Бір көзден алу тәсілімен біртекті болып табылмайтын ТЖКК-ны сатып алуды жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушіге қорытынды шығару хаттамасында мұндай ТЖКК-ны міндетті түрде лоттарға бөле отырып, көрсетілген тәсілмен бірыңғай ТЖКК-ны сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жол беріледі.

Бір көзден алу тәсілімен біртекті ТЖКК-ның бірнеше түрін сатып алу ТЖКК-ны олардың біртекті түрлері бойынша лоттарға бөлу арқылы жүзеге асырылады.

89. Бір көзден алу тәсілімен ТЖКК сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасын тапсырыс берушінің тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыруға және орналастыруға уәкілеттік берген тұлғасы қалыптастырады, оған тапсырыс берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылады және ТЖКК сатып алу туралы шарт жасалғаннан кейін жеті жұмыс күнінен кешіктірмей тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырылады, мына мәліметтерді көрсете отырып:

1) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орны;

2) ТЖКК осы Қағидалардың 85-тармағына сәйкес сатып алынған жағдайда, бір көзден алу тәсілімен сатып алуды қолдану негізdemесінің электрондық көшірмесін қоса беріп, бір көзден алу тәсілімен ТЖКК сатып алудың негізdemесі (бір көзден алу тәсілімен ТЖКК сатып алудың нысанасына бірнеше лот кірсе, әрбір лот бойынша);

3) тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығына сәйкес бір көзден алу тәсілімен сатып алудың нысанасы (егер бір көзден алу тәсілімен сатып алудың нысанасына бірнеше лот кірсе, лоттардың атаулары және нөмірлері);

4) әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКК сипаттамасы, өлшем және есеп бірліктерінің мемлекетаралық сыныптауышына сәйкес өлшем және есеп бірлігі, саны (көлемі);

5) әрбір лот бойынша тауарларды жеткізу немесе жұмыстарды орындау, немесе қызметтерді көрсету мерзімдері мен орны;

6) әлеуетті жеткізушінің атауы;

7) әрбір лот бойынша, ҚҚС есепке алмағанда, теңгемен көрсетілген, ұсынылатын ТЖКК-ға әлеуетті жеткізушінің ұсынған бағасы;

8) әрбір лот бойынша, ҚҚС есепке алмағанда, теңгемен көрсетілген, тауарларды сатып алуға, жұмыстарды орындауға немесе қызметтерді көрсетуге бөлінген сома;

9) әрбір лот бойынша пайызбен көрсетілген (0-ден 100-ге дейін), әлеуетті жеткізушінің ұсынылатын ТЖКК-дағы елішлік құндылық бойынша міндеттемелері;

10) сатып алу коды және тізілімнің (жүйенің) интернет-ресурсының мекенжайы;

11) ТЖКК сатып алу жүзеге асырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттың (келісімшарттардың) нөмірі (нөмірлері);

12) Қағидалардың 84-тармағына сәйкес олардың қорытындылары бойынша бір көзден сатып алу өткізетін ашық конкурстың, төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) сатып алу коды;

13) осы Қағидалардың 86-тармағының талаптарына сәйкес, өтпеген ашық конкурстың, төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) конкурстық құжаттамасының талаптарына сәйкес келетін жеткізушінің конкурстық етінімі.

Тізілімде (жүйеде) қалыптастырылған бір көзден алу тәсілімен ТЖКК сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасының қағаз данасына тапсырыс берушінің бірінші басшысы немесе тапсырыс берушінің уәкілетті өкілі қояды.

4-тарау. «Кристалл Менеджмент» АҚ көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен сатып алу тәртібі

90. Бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алу рәсімдері конкурстық баға ұсыныстарын ұсыну және жеңімпазды айқындау рәсімдерін қоспағанда, ашық конкурстың рәсімдеріне сай келеді.

91. Төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алуға жіберілген әлеуетті жеткізушілер тізілімде (жүйеде) лотқа конкурстық баға ұсыныстарын береді және оларға электрондық цифрлық қолтаңба қояды.

Конкурстық баға ұсыныстарын беру мерзімі - егер конкурстық құжаттамада одан қысқа мерзім көзделмесе, тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы орналастырылған мезеттен және тізілім (жүйе) баға ұсыныстарын орналастыруға жіберілген әлеуетті жеткізушілерге автоматты түрде хабарламаларды жіберген мезеттен бастап қырық сегіз сағат. Конкурстық баға ұсыныстарын беру мерзімі осы тармақтың соңғы абзацында жазылған талаптарды ескере отырып, Астана қаласының уақыты бойынша сағат 9-00-ден 20-00-ге дейінгі кезеңде кем дегендे бес сағатқа белгіленеді.

Төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасы сауда-саттықты өткізуғе қажетті уақытты ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 5-бабына сәйкес демалыс және (немесе) мереке күндеріне түспейтін және олармен бөлінбейтін жұмыс күндері тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде орналастырылады.

Егер әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысы төмендетуге бағытталған сауда-саттықтың ағымдағы ең төмен бағасы болып табылса, ол бағаны төмендетуге ұсыныс бермейді.

Әлеуетті жеткізушілер ұсынылатын ұсыныстардың саны шектемей, төмендетуге бағытталған сауда-саттыққа рұқсат беру рәсімінің қорытындысы бойынша берілген шартты жеңілдікті (тендер тәсілімен сатып алу кезінде) ескере отырып, сатып алу веб-порталы төмендетуге бағытталған сауда-саттықтың бастапқы бағасынан белгілейтін төмендетуге бағытталған қадам шегінде бағаны төмендетуге бағытталған ұсыныстар береді.

Осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде төмендету өлшемшартын есепке алмағанда, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алуға қатысуға жіберілген әлеуетті жеткізушілерге ТЖКҚ сатып алуға бөлінген соманың 80 % (сексен пайыздан) төмен баға ұсыныстары берілмейді.

92. Әлеуетті жеткізуі ұсынатын конкурстық баға ұсыныстарының саны шексіз, әлеуетті жеткізуі өз баға ұсынысын төмендету жағына қарай көп мәрте өзгерте алады.

93. Бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) әлеуетті жеткізушілері шартты бағаны ескере отырып конкурстық баға ұсыныстарын және атауы көрсетілмеген қатысып отырған әлеуетті жеткізушілердің санын көре алады.

94. Сауда-саттық жабылғанға дейін үш минуттың ішінде әлеуетті жеткізушілердің біреуі ең төменгі жаңа конкурстық баға ұсынысын енгізсе, сауда-саттықтың жабылу уақыты автоматты түрде он бес минутқа, бірақ үш реттен артық емес ұзартылады.

95. Конкурстық баға ұсыныстарын бағалау және салыстырып тексеру тізілімде (жүйеде) жүзеге асырылады, және осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде азайту бойынша өлшемшартты ескере отырып, конкурстық баға ұсынысының ең төменгі бағасы негізінде жеңімпаз анықталады.

96. Бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алудың жеңімпазын анықтау кезінде, ТЖКҚ сатып алуға қатысқан әлеуетті жеткізушілердің конкурстық баға ұсыныстары тең болса, осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде азайту бойынша өлшемшартты қолдануды

ескере отырып, артықшылық қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушісіне беріледі.

97. Бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) нысанасы болып табылатын, сатып алынатын жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елшілік құндылық бойынша міндеттемелердің ең үлкен пайызын ұсынған әлеуетті жеткізуши мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде азайту бойынша өлшемшартты қолдануды ескере отырып, қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушілері болып табылатын әлеуетті жеткізушилердің конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса;

2) қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушілері болып табылмайтын әлеуетті жеткізушилердің конкурстық баға ұсыныстарының бағалары тең болса, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы болып танылады.

98. Конкурстық баға ұсынысы басқа әлеуетті жеткізушилердің конкурстық баға ұсыныстарынан бұрын түсken әлеуетті жеткізуши бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы болып танылады мынадай жағдайларда:

1) Кодекстің 131-бабының 1-тармағында, 179-бабының 1-тармағында көзделген бағаны шартты түрде төмендету бойынша өлшемшартты қолдануды ескере отырып, конкурстық баға ұсыныстарының бағалары және қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушілері болып табылатын әлеуетті жеткізушилер ұсынған бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) нысанасы болып табылатын сатып алынатын жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елшілік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болған;

2) конкурстық баға ұсыныстары және қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушілері болып табылмайтын әлеуетті жеткізушилер ұсынған бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) нысанасы болып табылатын сатып алынатын жұмыстардағы немесе көрсетілетін қызметтердегі елшілік құндылық бойынша міндеттемелердің пайыздық көрінісі тең болған жағдайда.

99. Конкурстық комиссия бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурсты (электрондық сауда-саттық) мына жағдайларда өтпеген деп таниды:

1) ұсынылған конкурстық өтінімдердің, конкурстық баға ұсыныстарының болмауына байланысты;

2) әлеуетті жеткізушилердің барлық конкурстық өтінімдері немесе барлық конкурстық баға ұсыныстары бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) талалтарына сәйкес келмейтіндер ретінде қабылданбаған жағдайда.

100. Бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) өтпеді деп танылса, тапсырыс беруші мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) бағаны төмендетуге бағытталған жаңа ашық конкурсты (электрондық сауда-саттық) өткізу туралы;

2) бір көзден алу тәсілімен ТЖКК сатып алу туралы.

101. Конкурстық баға ұсыныстарын ашу күнінен кешіктірмей конкурстық баға ұсыныстарын бағалаудың және салыстырудың қорытындысы бойынша шешім тапсырыс берушінің ақпаратты тізілімде (жүйеде) қалыптастыруға және орналастыруға уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКК сатып алушың қорытындысын шығару хаттамасы түрінде тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігінде қалыптастырылады және жарияланады, онда мыналар көрсетіледі:

1) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орны;

2) бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) қорытындысын шығару күні мен уақыты;

3) бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) нысанасы (егер бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) нысанасына бірнеше лот кірген жағдайда, лоттардың атаулары);

4) конкурстық комиссия құрамы;

5) әрбір лот бойынша сатып алынатын ТЖКҚ сипаттамасы, өлшем бірліктер мен шоттың мемлекетаралық сыныптауышына сәйкес өлшем бірлігі, саны (көлемі);

6) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) әлеуетті жеткізушилдерінің атауы мен нақты орналасқан орны (занды тұлғалар үшін) немесе әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), занды мекенжайы (жеке тұлғалар үшін);

7) осы Қағидалардың 6-1-тармағында көзделген бағаны шартты төмendetу бойынша өлшемшартты қолдануды ескере отырып, бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) әлеуетті жеткізушилдерінің конкурстық баға ұсыныстарының бағалары (лоттар бойынша);

8) бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) жеңімпазының атауы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін) және конкурстық баға ұсынысының бағасы (лоттар бойынша), немесе нәтижесінде жеңімпаз айқындалмаса, себепті көрсету (лоттар бойынша);

9) конкурстық баға ұсынысы бағаны төмendetуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазының конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушилдерінің атауы (занды тұлғалар үшін) немесе тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) (жеке тұлғалар үшін), конкурстық баға ұсынысының бағасы (лоттар бойынша);

10) ТЖКҚ-дағы елішлік құндылық бойынша міндеттемелер;

11) сатып алу коды және тізлімнің (жүйенің) интернет-ресурсының мекенжайы.

102. Тізлімнің (жүйенің) ашық бөлігінде қорытынды шығару хаттамасына қол қойылған және орналастырылған күннен кешіктірмей, тапсырыс беруші тізлімде (жүйеде) хабарлама жасап, жеңімпаздың электрондық пошта мекенжайына жолдайды және ол мыналарды қамтиды:

1) жеңімпаздың қол қойылған ТЖКҚ сатып алу туралы шартты ұсынуына арналған мерзімді;

2) ашық конкурсқа қатысу кезінде конкурстық өтінімнің құрамында ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өту үшін, конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында көзделген құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариус куәландырған көшірмелерінің тізбесін (бар болса);

3) ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қол қоюға өкілетті тұлғаға берілген сенімхаттың түпнұсқасын (көшірмесін) (егер шартқа бірінші басшы болып табылмайтын тұлға қол қойса) немесе бірінші тұлғаны тағайындау туралы бүйрықтың көшірмесін (құрылтайшылар (акционерлер) шешімінің көшірмесін) ұсыну туралы талапты.

Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шарт конкурстық құжаттамада көрсетілген тапсырыс берушінің мекенжайына хабарлама жіберілген мезеттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

Әлеуетті жеткізушилдер - Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін ТЖКҚ сатып алу туралы қол қойылған шартты және Қағидалардың осы тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынуға жол беріледі.

5-тaraу. Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету

104. ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді жеңімпаз оның езімен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы,

толық және тиісті түрде орындастындығының кепілдігі ретінде, конкурстық құжаттамада көзделген жағдайларда енгізеді.

Егер конкурстық құжаттамада және шарт жобасында басқа ұзагырақ мерзім көзделмесе, шарттың орындалуын қамтамасыз ету ТЖКҚ сатып алу туралы шартты жасасқан күннен бастап он жұмыс күні ішінде енгізіледі.

105. Тапсырыс берушіге шарт сомасынан үш пайыздан артық болатын ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мөлшерін белгілеуге жол берілмейді.

106. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету мынадай тәсілдердің бірімен енгізіледі:

1) тапсырыс берушінің банк шотына енгізілетін кепілді ақшалай жарнасы;

2) Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше екінші деңгейдегі банктерінің банктік кепілдігі.

Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу тәсілін таңдауды ТЖКҚ жеткізуіші жүзеге асырады.

107. Жеткізуіші шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген кепілдікті ақшалай жарнаның барлығын не бір бөлігін талап ету құқығының туындауына әкелетін іс-қимылдарды жасамайды.

108. Тапсырыс беруші шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін жеткізуіші енгізген кепілді ақшалай жарнаны пайдаланбайды.

109. Осы Қағидалардың осы параграфында көзделген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізу туралы ережелері мүгедектердің қоғамдық ұйымдарына қолданылмайды.

110. Егер жеткізуіші өзімен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орында маса, тапсырыс беруші ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

111. ТЖКҚ жеткізуіші онымен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді тиісті түрде орындаған жағдайда, тапсырыс беруші ТЖКҚ сатып алу туралы шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан шартта көзделген тұрақсыздық айыбының сомасын ұстап қалады.

ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің қалған сомасы шартта көзделген ТЖКҚ қабылдау-тапсыру актілеріне қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жеткізуішіге қайтарылады.

112. Тапсырыс беруші жеткізуіші ол енгізген ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, онымен жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісті түрде орындаған жағдайда, он жұмыс күні ішінде қайтарады.

5-1-тарау. Әлеуетті жеткізуілер ашық конкурсқа, төмендетуге бағытталған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттыққа) қатысуға арналған конкурстық өтінімнің құрамында ұсынған құжаттарды олардың сәйкес келуі тұрғысынан салыстырып-тексеру

112-1. Конкурстық комиссияның мүшелерінде ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығына дәлелді күмән туындаса құжаттарды салыстырып-тексеру рәсімі тапсырыс берушінің шешімі бойынша жүргізіледі.

112-2. Ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы болып танылған әлеуетті жеткізуіші хабарлама жіберілген сәттен 5 (бес) жұмыс күнінен немесе 7 (жеті) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде (Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын әлеуетті жеткізуілер үшін) осы Қағидалардың 102-тармағына сәйкес тапсырыс беруші конкурстық өтінімдерді қарау хаттамасында көрсетілген немесе ол ашық конкурсқа, төмендетуге бағытталған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттық) қатысуға арналған конкурстық өтінімнің құрамында орналастырған құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариус куәландырған көшірмелерін салыстырып-тексеру рәсімі үшін ұсынады.

112-3. Конкурстық комиссия әлеуетті жеткізуіші құжаттарды ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде құжаттардың түпнұсқаларын және (немесе)

нотариус куәландырған көшірмелерін олардың әлеуетті жеткізуші конкурстық өтінімнің құрамында ұсынған электрондық көшірмелерге сәйкес келуі түрғысынан қарайды.

Ашық конкурсқа, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттық) қатысу үшін ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстырып-тексеру рәсімі үшін әлеуетті жеткізуші конкурстық құжаттамада және осы Қағидалардың 41-тармағында көзделмеген қосымша құжаттарды ұсынбайды.

112-4. Тапсырыс беруші салыстырып-тексеру рәсімінен өту үшін ұсынылған құжаттарды әлеуетті жеткізушилерге қайтарады. Бұл ретте, тапсырыс беруші салыстыру рәсімінен өту үшін әлеуетті жеткізушилерге ұсынылған құжаттардың көшірмелерін қалдыруға құқылы.

112-5. Құжаттарды салыстырып-тексерудің қорытындысы бойынша шешім осы Қағидалардың 112-3-тармағында көрсетілген мерзім аяқталған күннен 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей тапсырыс берушінің тізілімде (жүйеде) ақпаратты қалыптастыру мен орналастыруға уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған құжаттарды салыстыру хаттамасы ретінде тізілімнің (жүйенің) ашық бөлігіндегі қалыптастырылады және жарияланады, мынадай мәліметтерді көрсете отырып:

- 1) әкімшілік-аумақтық объектілердің сыныптауышына сәйкес тапсырыс берушінің атауы мен орналасқан орны;
- 2) ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) мәні (егер төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алудың мәніне бірнеше лот кірсе және салыстыру бірнеше лот бойынша жүргізілсе, лоттардың атаулары);
- 3) конкурстық комиссияның құрамы;
- 4) ашық конкурс, төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) жеңімпазының атауы;
- 5) жеңімпаз ұсынған құжаттардың тізбесі;
- 6) салыстырып-тексеру рәсімінің қорытындысын шығару;
- 7) сатып алу коды және тізілім (жүйе) интернет-ресурсының мекенжайы.

6-тaraу. Көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шарт

113. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт конкурстық құжаттамадағы ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жобасына және жеңімпаздың конкурстық өтініміне сәйкес жасалады.

114. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт ашық конкурстың немесе бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы ҚҚС төлеушісі болып табылмаған немесе жеткізілетін тауарға, орындалатын жұмысқа, көрсетілетін қызметке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚС салынбаған жағдайларды қоспағанда, ашық конкурстың немесе бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы ұсынған, оған ҚҚС есептелген бағаны қамтуға тиіс.

115. Егер ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазы болып танылған әлеуетті жеткізуши:

ТЖКҚ сатып алу шартын хабарламада белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың ережелері ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жобасының және (немесе) жеңімпаздың конкурстық өтінімінің талаптарына сәйкес келмесе;

ашық конкурсқа, төмендетуге бағытталған ашық конкурсқа (электрондық сауда-саттық) қатысу үшін ұсынған құжаттардың электрондық көшірмелерімен салыстыру рәсімінен өтпеген, ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа қоса берілетін құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариус куәландырған көшірмелерін ұсынса немесе құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариус куәландырған көшірмелері ұсынылмаса;

ТЖКҚ сатып алу туралы шартты жасап, конкурстық құжаттамада ТЖКҚ сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы белгіленген талаптарды

орында маса (егер шарттың орындалуын қамтамасыз ету конкурстық құжаттамада көзделсе), тапсырыс беруші ашық конкурстың, төмендетуге бағытталған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттық) жеңімпазына шартты жасасудан (орындаудан) бас тарту үшін негіз болған себептерді түсіндірумен, осында баз тартуды қамтитын хабарлама жібереді.

116. Шартты жасасудан (орындаудан) баз тартуды қамтитын тапсырыс берушінің хабарламасы ТЖКҚ сатып алу туралы шартты осы Қағидалардың 83, 102, 112-1, 112-2, 112-3, 112-4, 112-5, 115-тармақтарында көзделген тәртіппен конкурстық баға ұсынысы жеңімпаздың конкурстық баға ұсынысынан кейін тәуірлеу болып табылатын екінші әлеуетті жеткізушімен жасасу үшін негіздеме немесе жаңа ашық конкурсты, бағаны төмендетуге бағытталған ашық конкурсты (электрондық сауда-саттық) өткізу үшін негіздеме болып табылады.

117. Ашық конкурс немесе төмендетуге бағытталған ашық конкурс (электрондық сауда-саттық) тәсілімен ТЖКҚ сатып алу туралы шарт қорытынды шығару хаттамасында көрсетілген, бірақ қорытынды туралы хаттамаға немесе құжаттарды салыстыру хаттамасына қол қойылған күннен бастап жиырма бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жасалады.

Егер ТЖКҚ сатып алу бірнеше лот бойынша өткізілсе, ТЖКҚ сатып алу туралы шарттардың жобаларын тапсырыс беруші әрбір лотқа жеке жасайды.

Әлеуетті жеткізуші бірнеше лот бойынша жеңімпаз болып танылса, лоттарды жекелеген техникалық ерекшеліктерге лоттар бойынша міндетті түрде бөле отырып, бірыңғай шарт жасауға жол беріледі (шартқа қосымшалар әрбір лотқа бөлек).

118. Қазақстан Республикасының бейрезидентімен ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының, Қазақстан Республикасының трансферттік баға белгілеу туралы заңнамасының және осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, ол ұсынып отырған нысан бойынша ТЖКҚ сатып алу туралы шартты ресімдеуге жол беріледі.

119. Ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындылары бойынша жасалатын ТЖКҚ сатып алу туралы шартта, оның ішінде Қағидалардың 84-тармагында көрсетілген жағдайда мыналар қамтылуға тиіс:

1) жұмыстарды орындауға арналған шартты орындаған кезде осы Қағидаларды сақтау бойынша мердігердің міндеттемесін;

2) жұмыстарды орындауға арналған шартты орындаған кезде осы Қағидаларды сақтамағаны үшін мердігердің жауапкершілігін (қажет болған жағдайда тапсырыс берушінің қалауы бойынша);

3) ТЖКҚ сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасына сәйкес ТЖКҚ-дағы елшілік құндылық бойынша жеткізушінің міндеттемесін;

3-1) жеткізушінің бірінші разрядты жұмыскердің айлық тарифтік мөлшерлемесінің (жалақысының) ең төмен мөлшері және разрядаралық коэффициенттердің ең төмен шектері бойынша еңбекке ақы төлеудің негізгі қағидаттары бөлігінде және растайтын құжаттарды ұсыну бойынша салалық келісімді сақтау жөніндегі міндеттемесін;

4) ТЖКҚ сатып алудың қорытындыларын шығару хаттамасына сәйкес ТЖКҚ-дағы елшілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындағаны үшін жеткізушінің жауапкершілігін;

5) жеткізілген тауар (орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер) үшін тауарларды, көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды қабылдау-тапсыру (объектіні пайдалануға қабылдау) актісіне қол қойылған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күннен кешіктірмей төлеу туралы талапты.

Бұл ретте тауарлардың қазақстандық жеткізушілеріне, сондай-ақ қазақстандық жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерге жеткізілген қазақстандық тауар үшін төлем тауарларды, орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актілеріне қол қойылған күннен 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей жасалады;

5-1) егер шарт сатып алынатын тауардың отандық тауар өндірушісімен жасалған жағдайда, шарт жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күннен кешіктірілмей төленуге

тиіс шарт сомасының кемінде 30 % (отыз пайыздан) мөлшерінде алдын ала төлемді көздейтін талапты;

6) тапсырыс берушінің тауарларды (көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды) қабылдау-тапсыру актілеріне қол қоюы туралы талапты немесе ТЖКҚ қабылданбаса, шарт талаптарының бұзушылықтарын тапсырыс беруші актілерді алған мезеттен бастап он жұмыс күні ішінде жою туралы талапты.

Тапсырыс берушінің тауарларды (көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды) қабылдау-тапсыру актілеріне қол қоймауы және ТЖКҚ сатып алу туралы шарт талаптарының бұзушылықтарын Қағидалардың осы тармақшасында белгіленген мерзімде жою туралы талап қоймауы, тапсырыс берушінің тауарды (көрсетілген қызметтерді, орындалған жұмыстарды) қабылдау-тапсыру актілеріне қолы қойғандығын білдіреді.

7) конкурстық құжаттамада көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді.

120. Тапсырыс беруші қазақстандық тауар өндірушісімен сатып алу туралы шартты жасасқан жағдайда, шарттың ережелерінде жеткізуінің Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын, сатып алынатын тауардың номенклатурасына сәйкес келетін «СТ-KZ» нысандағы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың нотариус қуәландырған көшірмесін ұсынуы туралы талапты енгізуге жол беріледі, бұл ретте сертификат жасалған шарттың шенберінде жеткізілетін тауар көлемінен кем болмайтын тауар көлемін қамтиды.

Тапсырыс беруші қазақстандық жұмыстардың немесе көрсетілетін қызметтердің өндірушісімен жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы шартты жасаған жағдайда, шарттың ережелерінде жеткізуінің сатып алынатын ТЖКҚ және олардағы елішілік құндылық туралы есепті ұсынуы туралы талап көрсетіледі.

121. Әлеуетті жеткізуі жеңімпаз болып айқындалған күннен бастап тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге дейінгі кезеңде ұлттық валюта (тенге) девальвацияға (ревальвацияға) ұшыраған кезде, тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жобасына ТЖКҚ бағасының және сәйкесінше тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жобасы сомасының өзгеруі бөлігіндегі өзгерістер тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі.

Егер конкурстық өтінімдерді ашу күнінен бастап тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге дейінгі кезеңде теңгенің шетел валютасына қатысты ресми бағамы он пайыздан артық өзгерсе, тапсырыс беруші мен әлеуетті жеткізуі өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Ұлттық Банкі) тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шартқа қол қойылған күнге белгілеген шетел валютасының теңгеге қатысты ағымдағы бағамы бойынша төлеуге жататын соманы қайта есептейді.

Бұл ретте әлеуетті жеткізуі растайтын құжаттарды қоса беру арқылы өндіріс шығыстарының толық калькуляциясын және (немесе) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау шығыстарының артуына немесе қыскаруына әсер ететін факторларды көрсете отырып, тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт жобасының бағасын ұлғайту немесе азайту негізdemесін тапсырыс берушігে ұсынады.

122. Ашық конкурстың, төмендетуге арналған ашық конкурстың (электрондық сауда-саттықтың) қорытындылары бойынша жасалған ТЖКҚ сатып алу туралы шартқа, оның ішінде Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген жағдайда, өзгерістер енгізу жеткізуіні тандау үшін негіз болған, сапасы мен басқа талаптарының тұрақтылығы жағдайында тараптардың өзара келісімі бойынша келесі жағдайларда жүзеге асырылады:

1) осы тауарды сатып алу туралы жасалған шартта көрсетілген тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартымен сатып алынатын тауар көлеміндегі қажеттіліктің артуына байланысты, шарттың жалпы сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерге шарт сомасын ұлғайту бөлігінде;

2) сатып алынатын жұмыстар, көрсетілетін қызметтер көлеміндегі қажеттіліктің артуына байланысты, шарттың жалпы сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерге шарт сомасын ұлғайту бөлігінде;

Әлеуетті жеткізушімен бірнеше лот бойынша ТЖКҚ сатып алу туралы шарт жасалған кезде, осы Қағидалардың 117-тармағына сәйкес ТЖКҚ-ны сатып алу туралы шарттың құнын әрбір лот бойынша он пайыздан аспайтын мөлшерге арттыруға жол беріледі;»;

3) тауарларды, жұмыстарды сатып алу туралы шарт жасалған күннен кейін ұлттық валюта (тенге) девальвацияға (ревальвацияға) ұшыраған кезде, тараптардың келісімі бойынша тауарларды немесе жұмыстарды сатып алу туралы шарттың бағасын өзгерту бөлігінде.

Егер тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт бойынша төлем жүргізілген сәтте теңгенің шетел валютасына қатысты ресми бағамы он пайызға артық өзгерсе, тапсырыс беруші мен әлеуетті жеткізуі өзара келісім бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Қазақстан Ұлттық Банкі) төлем күніне белгілеген шетел валютасының теңгеге қатысты ағымдағы бағамы бойынша төлеуге жататын соманды мөлшерлей отырып қайта есептейді.

Бұл ретте жеткізуі растайтын құжаттарды қоса бере отырып, өндіріс шығыстарының толық калькуляциясын және (немесе) тауарды жеткізу, жұмыстарды орындау шарттың орындалмаған көлемінің бөлігіне артуына немесе қысқаруына әсер ететін факторларды көрсете отырып, тауарды немесе жұмысты сатып алу туралы шарт бағасын арттыру немесе азайту негіздемесін тапсырыс берушігে ұсынады;

4) елеулі болып табылмайтын талаптар бөлігінде;

5) тауар (тауарлар) уақтылы жеткізілмеген, жұмыс (жұмыстар) уақтылы орындалмаған, қызмет (қызметтер) уақтылы көрсетілмеген жағдайда, қолданыстағы валюталық реттеу туралы заңнаманың талаптарына негізделген Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын ТЖКҚ жеткізушісімен жасасқан шарттың қолданылу мерзімін өзгерту бөлігінде;

6) сатып алғынатын тауардың өндірісіне қажетті қазақстандық өндіруші шығарған тауарды жеткізу мерзімін арттыруға бөлігінде;

7) тауарды өндіру үшін қажетті шикізат және (немесе) толымдаушы бұйымдар бағасының айтарлықтай өзгеруінен туындаған тауар бағасының, сондай-ақ тауар бағасының белгіленуіне әсер ететін тарифтердің азауы немесе артуы салдарынан, қазақстандық өндірушімен жасалған тауарды жеткізуге арналған шарт сомасын азайту немесе арттыру бөлігінде;

8) табиғи монополия субъектілерімен немесе мемлекеттік монополия субъектілерімен олардың қызметінің негізгі нысанасы бойынша;

9) лизингтік төлемдер, сыйақы жарнасы мөлшерінің өзгеруіне, шарт сомасының индекстелуіне байланысты қаржылық лизинг шарттың сомасын өзгерту бөлігінде;

10) бір қаржы жылынан асатын кезеңге жасалатын ТЖКҚ сатып алу туралы шарт бағасының тараптардың келісімі бойынша тиісті кезеңге белгіленген инфляция деңгейіне сүйене отырып жыл сайын өзгеруі бөлігінде.

122-1. Қағидалар Қағидалардың 85-тармағының, Қағидаларға 1-қосымшаның негізінде жасалған шарттарға өзгеріс (-тер) енгізуді реттемейді. Қағидалардың 85-тармағының, Қағидаларға 1-қосымшаның негізінде жасалған шарттарға өзгеріс (-тер) енгізу осында шарттардың ережелеріне және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

123. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт мынадай жағдайларды қоспағанда, бір қаржы жылынан аспайтын мерзімге жасалады:

1) жұмыстарды жобалау-сметалық құжаттамада көзделген, аяқталу мерзімі келесі (кейінгі) қаржы жылындағы (жылдарындағы) мерзіммен сатып алу;

2) дайындаудың технологиялық мерзімінің ұзактығы олардың келесі (кейінгі) қаржы жылында (жылдарында) жеткізілуін негіздейтін активтерді және басқа тауарларды сатып алу;

3) орындаудың ұзактығына байланысты орындау (көрсету, жеткізу) мерзімі жұмыс бағдарламасында белгіленген келесі (кейінгі) қаржы жылына (жылдарына) негізделген ТЖКҚ сатып алу;

4) ТЖКҚ сатып алудың орта мерзімді бағдарламасында көзделген ТЖКҚ сатып алу.

124. ТЖКҚ сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен жеткізуші көрсетілген шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда орындалды деп есептеледі.

125. Занды тұлғалар қайта құрылған кезінде қаржылық міндеттемелерді және (немесе) құқықтар мен міндеттердің құқықтық мирасқорлық тәртібімен берілуін қоспағанда, шарт бойынша міндеттемелерді орындауды талап ету құқығы, сондай-ақ үшінші тұлғалардың шарт бойынша міндеттемелерді орындау (басқаға беру) құқығы берілмейді.

Қағидалардың осы 125-тармағының ережесі Қағидалардың 85-тармағының, Қағидаларға 1-қосымшаның негізінде жасалған шарттарға қолданылмайды. Қағидалардың 85-тармағының, Қағидаларға 1-қосымшаның негізінде жасалған шарттарда осы мәселелер осындай шарттардың ережелеріне және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес реттеледі.

126. Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ТЖКҚ, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, ТЖКҚ деректерінің құрамдас бөліктерінің кез келгенін жеке-жеке Тапсырыс беруші Қағидаларға 1-қосымшада белгіленген шектеуді сақтай отырып, (осындай шектеу болған кезде) күнтізбелік жыл ішінде де, барлау кезеңі ішінде де бірнеше рет Қағидалардың 6-тармағының 5) тармақшасын қолдана отырып сатып ала алады.

Қағидалардың 85-тармағында көрсетілген ТЖКҚ-ны Тапсырыс беруші Қағидалардың 85-тармағына сәйкес күнтізбелік жыл ішінде де, барлау кезеңі ішінде де бірнеше рет сатып ала алады.

127. Тапсырыс беруші сондай-ақ Қағидалардың 85-тармағында және Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген шығынды өз қалауы бойынша Қағидалардың 6-тармағының 1) тармақшасында немесе 3) тармақшасында көрсетілген оларды сатып алу тәсілін таңдай алады.

128. Қағидаларға сәйкес жасалған шарттар Қағидаларға, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануышының сайтына - www.crystal-management.kz сілтемені қамтитын болады, мұнда Қағидалардың мазмұнымен танысуға болады.

**Көмірсүткөтерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде
пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің
тізбесі**

Қағидалардың 6-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларының нормаларын қолданбай мыналар сатып алынады:

1) еңбек шарттары бойынша жеке тұлғалар немесе кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалар өтеулі қызмет көрсету шарттары бойынша көрсететін қызмет;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін сатып алу;

3) заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялардың пакеттері (қатысу үлестері);

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялардың негізінде жүзеге асыратын банк операцияларын жүргізумен байланысты, оның ішінде банктің үзінді көшірмелерін алумен байланысты қаржы қызметтері;

5) коммуналдық қызмет көрсету;

6) өкілдік шығыстармен байланысты ТЖКК;

7) егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелердің қызмет көрсету;

8) соттардағы, төреліктердегі және аралық соттардағы дауларды шешумен байланысты алымдарды, басқа шығыстарды төлеу;

9) қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсету;

10) мұлікті сенімгерлікпен басқару қызметі;

11) жылжымайтын мұлікті жалға алу қызметі немесе жылжымайтын мұлікті сатып алу;

12) табиғи монополия субъектілерінен реттелмелі ТЖКК;

13) мемлекеттік монополия субъектісінен оның көрсетілетін қызметінің негізгі нысанасы бойынша ТЖКК;

14) медициналық қызмет көрсетулер;

15) мүгедектердің республикалық қоғамдық бірлестіктермен құрылған және сатып алынатын ТЖКК шығаратын үйымдардан ТЖКК;

16) көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдары, сондай-ақ көрсетілген іс-шараларға қатысқаны үшін ақы төлеу;

17) қағаздағы және (немесе) электрондық жеткізгіштердегі мерзімді баспасөз басылымдары, ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызмет, сондай-ақ интернет-ресурстарда, дыбыстындырылған кітаптарда шығарылған, әр түрлі магниттік жеткізгіштерде, рельефтік-нүктелік қаріппен басылған кітаптарда орналастырылған ақпаратты ұсыну жөніндегі көрсетілетін қызмет;

18) жер қойнауын пайдаланушы қызметкерлерінің, олардың балаларының, жер қойнауын пайдаланушының есебінде тұрған зейнеткерлердің демалысын, емделуін үйымдастырумен байланысты қызмет (демалу, емделу орындарына дейін тасымалдауды және алып жүруді қоса);

19) рейтингтік агенттіктердің қызмет көрсетуі, қаржылық қызмет көрсету;

20) мамандырылған кітапханалардың қызмет көрсету;

21) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сауда-саттықта (аукциондарда) сатылатын мүлік (активтер);

22) ТЖКК сатып алушың үндестірілген электрондық жүйесін пайдалану қызметі;

23) азық-түлік және (немесе) тамақтандыруды үйымдастыру қызметі;

24) жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартты орындау кезінде тартылған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру немесе қайта даярау бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерін орындау немесе жер қойнауын пайдаланушының қызметкерлері болып табылмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарын аса қажетті мамандықтар тізбесі бойынша оқыту үшін білім беру мекемелерінің қызмет көрсетуі;

25) дәрілік заттар;

26) нотариаттық қызметтер, жеке адвокаттардың қызметі, заң қызметтері, аудитордың (аудиторлық ұйымның) қызметтері, бағалаушының қызметі;

27) телефон және ұялы байланыс, интернетке қосылу қызметі;

28) геология және игеру саласында арнайы білімі бар тәуелсіз сарапшылардың және Кодекстің 140-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының көмірсүтектер кен орындарын барлау және игеру жөніндегі орталық комиссиясы тартатын жобалық құжаттарды тәуелсіз сараптау операторының қызмет көрсетуі;

29) Кодекстің 141-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының көмірсүтектер қорлары жөніндегі орталық комиссиясы тартатын, геология және жер қойнауын пайдалану саласында арнайы білімі бар тәуелсіз сарапшылардың қызмет көрсетуі;

30) авторлық қадағалау қызметі;

31) ТЖКҚ, егер тиісті қунтізбелік жылға арналған жылдық сатып алу жоспарында көзделген ТЖКҚ біртекті түрлерінің жалпы сомасы құндық көріністе тиісті қаржы жылына белгіленген үш мың еселік АЕК мөлшерінен аспаса;

32) хат алышу және қағаз құжаттаманы ресімдеу үшін пайдаланылатын бұйымдар мен керек-жараптарды қамтитын кенсе тауарлары;

33) тапсырыс берушінің шаруашылық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы ТЖКҚ (бөлмелерді тазалықта ұстай, кір жуу, бөлмелерді шағын жөндеу, әкімшілік-шаруашылық аумақты тазалау);

34) бөтен жер участесін шектеулі түрде мақсатты пайдалану құқығы (сервитут).

35) электр энергиясы және электр энергиясын сатып алумен ілеспе қызметтер көрсету;

36) Кодекстің 6-тарауына сәйкес жер қойнауын пайдланушы операторды тартқан жағдайда, оның ақылы көрсетілетін қызметтерін сатып алу;

37) осы Қағидаларға сәйкес көмірсүтектерді барлау немесе өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдланушының атынан ТЖКҚ сатып алуды жүзеге асыру бойынша жеке немесе заңды тұлғаның қызмет көрсетуі;

38) банктер немесе ұйымдар болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған лицензиялардың негізінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардан ақылылық және қайтарымдылық шарттарымен қарыз алу;

38-1) ұнғымада (ұнғымаларда) жұмыстар жүргізу кезінде атқымаға қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметі;

39) бұл тармақша қолданылмайды;

40) теміржол көлігінде жол жүру құжаттарын (билеттерді) және авиабилеттерді ресімдеу мен сату жөніндегі қызмет көрсету;

41) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 127-бабына сәйкес іссапар шығыстарын етеу;

42) мынадай базалық жобалау құжаттарының кез келгенін және (немесе) оларға енгізілген өзгерісті (-терді) және (немесе) толықтыруды (-ларды) әзірлеу және уәкілетті органмен (уәкілетті органдармен) келісу қызметі:

- барлау жұмыстарының жобасы және (немесе) барлау жұмыстарының жобасына өзгеріс (-тер) және (немесе) толықтыру (-лар);

- сынамалық пайдалану жобасы және (немесе) сынамалық пайдалану жобасына өзгерістер(-тер) және (немесе) толықтыру (-лар);

- көмірсүтектер кен орнын әзірлеу жобасы және (немесе) көмірсүтектер кен орнын әзілеу жобасына өзгеріс (-тер) және (немесе) толықтыру (-лар);

43) келесі аталғандарды әзірлеу және уәкілетті органмен (уәкілетті органдармен) келісу қызметі:

- геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есеп;
- геологиялық қорларды жедел есептеу жөніндегі есеп;
- геологиялық барлау жұмыстарының нәтижелері туралы есеп;
- жер қойнауын пайдалану салдарын жою жобасы;
- шикі газды қайта өндөуді дамыту бағдарламалары;
- шығарындылар көздері үшін атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы;

44) кен орнын жайластыру жобасын және (немесе) оған өзгеріс(-тер) және (немесе) толықтыруды (-ларды) әзірлеу және уәкілетті органмен келісу қызметі;

45) техникалық жобалау құжатын (техникалық жобалау құжаттарын) және (немесе) техникалық жобалау құжатына (техникалық жобалау құжаттарына) өзгерісті (-терді) және (немесе) толықтыруды (-ларды) әзірлеу және уәкілетті органмен келісу қызметі;

46) ұнғыманы (-ларды) ағымдағы және (немесе) күрделі жөндеу бойынша немесе ұнғыманы (-ларды) ағымдағы және (немесе) күрделі жөндеу үшін ТЖҚҚ;

47) Қазақстан Республикасының аумағындағы ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-техникалық және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

48) дереу қалпына келтіруді талап ететін бұзылу, механизмдердің, агрегаттардың, жүру жолындағы шығын материалдарының істен шығуы кезіндегі ТЖҚҚ;

49) оффтейк-шарттар шеңберінде Қазақстан Республикасында өндірілген тауар(-лар);

50) тапсырыс берушінің қызметкерлерін және (немесе) тапсырыс берушінің ТЖҚҚ жеткізушілерінің қызметкерлерін тасымалдау;

51) тапсырыс берушінің қызметкерлеріне және (немесе) тапсырыс берушінің ТЖҚҚ жеткізушісінің (-лерінің) қызметкерлеріне көлік қызметін көрсету үшін экипажымен женеңіл автокөлікті жалға алу;

52) Ұнғымадағы (ұнғымалардағы) плунжер лифт жүйелерін беру бойынша және (немесе) беру үшін және (немесе) олардың жұмыс істеуі үшін ТЖҚҚ;

53) жобаны (жобаларды) әзірлеу бойынша инженерлік іздестіру (-лер) бойынша жұмыс;

54) жобалау-сметалық құжаттаманы және (немесе) оның өзгерісін (-терін) және (немесе) толықтыруды (-ларды) әзірлеу және уәкілетті органмен (уәкілетті органдармен) келісу бойынша жұмыс;

54-1) жобалау алдындағы құжаттаманы және (немесе) оның өзгерісін (-терін) және (немесе) толықтыруды (-ларды) әзірлеу және уәкілетті органмен (уәкілетті органдармен) келісу бойынша жұмыс;

55) Кірме жолдарды (кірме жолды) және (немесе) бұрғылау аландарын (бұрғылау аланын) және (немесе) бұрғылау лагерін (бұрғылау лагерьлерін) жайластыру (дайындау) және (немесе) күтіп-ұстай жөніндегі ТЖҚҚ;

56) жанар-жағармай материалдары (бензин және (немесе) дизель отыны және(немесе) май және (немесе) басқалар);

57) компьютерлік және (немесе) ұйымдық техника; компьютерлік және / немесе ұйымдық жабдық;

58) өртке қарсы автоматикаға техникалық қызмет көрсету қызметтері;

59) ұнғымадағы(-лардағы) кәсіптік жұмыстар және (немесе) қызметтер;

60) жерге орналастыру жобасын әзірлеу және келісу;

61) ұнғыманы (-ларды) салу нұктелерін ұру қызметі;

62) өндірістік экологиялық бақылау шеңберінде есептілікті дайындау қызметі.

Қағидаларға
2-косымша

Нысан

Қызыметкерлердің саны туралы мәліметтер

№ p/c	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Лауазымы	Осы ашық конкурста сатып алынатын жұмыстарды орындау, қызыметтерді көрсегү саласындағы жұмыс тәжірибесі	Дипломы, күәлігі және білім туралы басқа да құжаттар бойынша біліктілігі немесе мамандығы	Жеке басын куәландыратын құжаттың №	Еңбек шарты- ның №	Азаматтығы
1	2	3	4	5	6	7	8

Әлеуетті жеткізушінің колы.
Ұсыну күні мен уақытты.

АО «Кристалл Менеджмент»
Прошито, пронумеровано и
скреплено печатью

40 (сорок) листов

Генеральный директор

Сайзинулы Д.

